



ПРЕЗИДЕНТ

МӘҢГІ ДОСТЫҚ ПЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК САММИТІ

Астана қаласында кезекті C5+1 форматындағы II «Орталық Азия – Қытай» саммиті өтті. Тәуелсіздік сарайындағы халықаралық жиынға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон қатысты.

Саммитті ашқан Қазақстан Президенті ҚХР Төрағасына және Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан басшыларына ілтипат білдірді. Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерімен жан-жақты ынтымақтастыққа ниет танытқаны үшін ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге алғыс айтты. Сондай-ақ Саммит жұмысына белсене атсалысып, өңірлік ынтымақтастыққа ұдайы қолдау көрсетіп келе жатқан бауырлас мемлекеттердің басшыларына ризашылығын жеткізді.

Жиынға қатысып отырған Орталық Азия мемлекеттерінің өзара сенімі мен ортақ күш-жігерінің нәтижесінде тату көршілік қарым-қатынасқа, достық пен қолдауға арқа сүйеген ынтымақтастықтың бұрын-соңды болмаған үлгісі қалыптасты. Осы ретте аса көрнекті мемлекет қайраткері, Төраға Си Цзиньпин басқаратын Қытай елінің белсенді әрі тиімді рөлін атап өткеніміз дұрыс. Көршілес Қытай Қазақстанның мәңгі әрі стратегиялық серіктесіне, нағыз досына айналды. Сексен миллиондай халқы бар ауқымды нарыққа ие және табиғи ресурстарға бай біздің өңір халықаралық қатынастардың, сондай-ақ сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ынтымақтастықтың маңызды субъектісі ретінде өз позициясын бірте-бірте нығайтып келеді. Осынау он үдерісте Қытай Халық Республикасымен сан қырлы ықпалдастық негізгі рөл атқарады. Орталық Азия мен Қытай арасындағы байланыстар мәңгілік, кез келген жағдайға бейім әрі жан-жақты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтерілгеніне баса назар аударғым келеді, — деді Президент.



Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қолда бар мүмкіндікті біріктіру Қытаймен қарқынды әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа тың серпін береді.

Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімінің көлемі жарты триллион доллар межесіне таяп қалды. Соңғы бес жылда өңірдегі сауда айналымы айтарлықтай ұлғайып, 10 миллиард доллардан асты. Өткен жылы біздің аймақтың Қытаймен арадағы сыртқы саудасы 40 пайызға жуықтап, 95 миллиард долларды құрады. Бұл — рекордтық меже. Аталған көрсеткіштің

46 пайызы Қазақстанға тиесілі. Еліміздің Қытаймен тауар айналымы 44 миллиард долларға жетті. Қытай инвестициясы Қазақстанның экономикалық өсіміне маңызды үлес қосып келеді. Бүгінге дейін көршілес ел бізге 26 миллиард доллардан астам қаржы құйды. Қазақстанда Қытай капиталының үлесі бар 5 мыңға жуық кәсіпорын жұмыс істейді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Қытайдан кең көлемде инвестиция тартуға бағытталған саясатынан айнамайтынын растады.

Қазақстанда экономикалық өсімге серпін беретін тың мүмкіндіктер қарастырылып жатыр. Әсіресе, Қытаймен бірлескен жобаларды іске қосуға, тауар номенклатурасын көбейтіп, көршілес ел нарығында сұранысқа ие өнімдер экспортын ұлғайтуға ерекше мән беріледі. Өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз. Ауыл шаруашылығы, соның ішінде озық агротехнологиялар мен тиімді су үнемдеу әзірлемелерін қолданысқа

енгізу бағытындағы ынтымақтастық өте маңызды. Бұл ретте Қытай компаниялары агроөнеркәсіп кешеніндегі өндіріс орындарын локализациялау ісіне атсалысады деп үміттенеміз. Елдеріміз арасындағы экономикалық ықпалдастыққа «Қорғас» халықаралық шекара маңы ынтымақтастық орталығы тың серпін береді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазіргідей геосаяси ахуал күрделі кезеңде жеткізу тізбегінің сенімді әрі қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету барлық ел үшін стратегиялық тұрғыдан өзекті екенін айтты.

Еуропа мен Азияның ірі өңірлерін жалғауда Орталық Азия басты логистикалық хабқа айналып келеді. Былтыр Қытайдан Орталық Азия елдері арқылы тасымалданған жүк көлемі 12 пайызға артып, 211 мың контейнерден асты. Қытайдан Еуропаға құрлық жолдарымен жөнелтілетін жүктің 85 пайызы Қазақстанға тиесілі. Біз құрлықаралық байланысты күшейтуге және Орталық Азия аймағының бәсекелестік артықшылығын барынша пайдалануға ерекше мән береміз. Қазақстан «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының алғашқы буыны ретінде бұл бастаманы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа», Транскаспий халықаралық көлік дәлізі және «Солтүстік – Оңтүстік» секілді маңызды транзиттік бағыттармен ұштастыруды көздейді. Транскаспий бағытының тартымдылығын арттыру үшін Каспий теңізіндегі аймақтарды жаңғырту және цифрландыру, жүк терминалдарын салу, сондай-ақ жүк кемелері өндірісін жолға қою бойынша жүйелі шаралар қабылдап жатырмыз. Осы орайда Қытай тарапына Каспийдегі «Құрық» портында жүк терминалын бірігіп салуды ұсынамыз, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

ҚАЙТАЛАМА НАРЫҚ ҚАЙТА ЖАНДАНА МА?



Тұрғын үй нарығы соңғы уақытта тұрақтылықтың тұғырына шыққандай көрінген. Дегенмен жақында Сенат мақұлдаған жаңа заң нарық ойыншыларының күдігін күшейте түсті. Бір жағынан, биыл тұрғын үй қарыздары бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі 25-тен 20%-ға дейін төмендейді десе, екінші жағынан, үлестік құрылысқа қатысты заңнамаға түзетулер енгізіліп, құрылыс саласына қойылатын талаптар қатандады. Бұл екі бастама да азаматтардың баспаналы болуын қауіпсіз әрі тиімді етуге бағытталғанымен, нарыққа әсері бірден байқалып отыр: кей банктер ипотеканы уақытша тоқтатып, ал екінші нарықта бағалар төмендей бастады. Сарапшылар бұл өзгерістерді қалай бағалайды? Жаңа талаптар құрылыс компаниялары мен сатып алушыларға қалай әсер етеді? Ипотека алу енді қиындап кете ме? Осы сұрақтарға жауап іздеп, нарықтағы жағдайды саралап көрелік.

(Жалғасы 4-бетте)

ӨЗЕКТІ

ҰЯЛМАҒАН ҮЙ АЛАДЫ

Күн сайын ажырасуға қатысты кемі бір ақпарат оқимыз. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтарға сенсек, Қазақстанда әрбір екінші неке ажырасуға ұласады екен. Тіпті, баспаналы болу үшін өтірік ажырасатын отбасылар да көбейіп кетіпті. Бұл бәркімізді аспанға лақтырып қуанатын жағдай емес. Біз мәселені зерттеп, анық-қанығына үңіліп көрдік.

→ 6



ТУРИЗМГЕ ЖАН БІТТІ

Облыста 40 туристік нысан орналасса, оларды қамтитын 10 жаңа туристік маршрут дайындалды. Бүгінде осы маршруттағы нысандардың инфрақұрылымын жақсарту жұмыстары жүргізілуде.



→ 7

ЖҮЙЕЛІ АЙТЫЛҒАН СЫНДЫ ҚАБЫЛДАЙ АЛАМЫН

Әлемдік әдебиеттің ең ұлы тұлғаларының бірі Л.Толстой «Өнер дегеніміз – адамның бойындағы қабілеттің ең биік көрінісі» дейді. Шынымен де, өнер адамының ойы да ерекше, шабыт пен сезімге, ішкі толғаныс пен қиялға негізделген.



→ 8

19 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

МӘҢГІ ДОСТЫҚ пен СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК САММИТИ

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика саласындағы ықпалдастықты өңірдің орнықты дамуына әсер ететін ең басты факторлардың бірі ретінде атады.

— Біз озық технологиялар алмасуға және энергетика инфрақұрылымдарын жаңғыртуға ниеттіміз. Сондай-ақ аймақтың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға, технологиялық тұрғыдан ілгерілеуге және қуат көздерін әртараптандыруға мән берген жөн. Қытай Халық Республикасының ядролық энергетиканы дамытудағы бай және табысты тәжірибесін ескере отырып, аталған стратегиялық салада орнықты ынтымақтастық орнатуға мүдделіміз. Жуық арада келісімге кол қоюға дайындаламыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын» құру бастамасына жоғары баға берді. Оның пікірінше, бұл теңқұсылы серіктестік, ортақ игілік пен өзара құрмет қағидаларына толық сай келеді. Мемлекет басшысы аталған ұстанымдар бүгінгі Саммит қорытындысы бойынша қол қойылатын «Мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартта» көрініс табатынына сенім білдірді.

Президенттің айтуынша, Қазақстан Орталық Азияның бейбітшілік, орнықты қауіпсіздік пен өнімді ықпалдастық мекені болғанын қалайды. Еліміз діни экстремизммен, терроризммен, сепаратизммен, есірткі тасымалдаумен, заңсыз қару-жарак саудасымен, рұқсатсыз көші-конмен және адам саудасымен ымырасыз күресті жалғастыруға әзір. Халықаралық киберқылмыстың өршуі айрықша назар аударуды талап етеді. Осыған орай Президент салалық ведомство басшылары арасында тұрақты байланыс орнатуды ұсынды.

Мемлекет басшысы Орталық Азия мен Қытай халықтарының арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың жоғары қарқынына тоқталды. Мәдени орталықтардың ашылуы, креативті индустрия және туризм салаларының дамуы осы бағыттағы басты басымдықтар ретінде аталды.

— Сиань қаласынан Алматы шаһарына қатынайтын алғашқы туристік пойыздың іске қосылуын құптаймыз. «Қазақстандағы Қытай туризмі жылына» орайластырылған бұл оқиға ғасырлар бойы Еуразия аумағында тауарлар мен идеялардың толассыз алмасуына дәнекер болған Ұлы Жібек жолының рухын жаңғыртады, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы мен Шанхай қалалары, сондай-ақ Қазақстан мен Қытайдың бірқатар



өңірлері арасында бауырластық қарым-қатынас орнағанын қуаттады. Мемлекет басшысы Қытай тарапының Орталық Азиямен ынтымақтастыққа арналған атаулы жылдар ұйымдастыру бастамасына қолдау білдіріп, келесі жылды «Білім беру және ғылыми зерттеулер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл қадам елдеріміздің гуманитарлық ықпалдастығын жандандырады.

Қазақстан білім беру инфрақұрылымын жасақтауға және жана технопарктер ашуға белсенді түрде кірісті. Осы орайда Қытайдың алпауыт технология-

лық компанияларының қатысуымен бірлескен зертханалар мен инженерлер академиясын іске қосуға бейіл. Президенттің пікірінше, кәсіби мамандардың жаңа буыны өңірдің цифрлық, «жасыл», индустриялық трансформациясына түрткі болатын қозғаушы күшке айналады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы «Орталық Азия — Қытай» форматының 2026-2030 жылдарға арналған ұзақмерзімді даму стратегиясын әзірлеу қажет деп санайды. Президенттің пікірінше, бүгінгі Саммит елдеріміздің

тату көршілік қатынасты, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға және орнықты дамуға мүдделі екенін растады. Мемлекет басшысы жиын барысында айтылған ұсыныстар мәңгі достық пен стратегиялық серіктестікке берік негіз қалайтынына сенім білдірді. Сондай-ақ ортақ күш-жігер жұмылдырудың нәтижесінде «Орталық Азия — Қытай» форматын институттандыру ісі табысты жүзеге асқанын атап өтті.

Екінші «Орталық Азия — Қытай» саммитінде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев сөз сөйледі.

Форум қорытындысы бойынша мемлекеттер басшылары екінші «Орталық Азия — Қытай» саммитінің Астана декларациясына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы мәңгі тату көршілік, достық пен ынтымақтастық туралы шартқа кол қойды.

Айта кетсек, II саммит қарсаңында елордада Қазақстан мен Қытай арасындағы ықпалдастыққа тың серпін беретін бірқатар маңызды іс-шаралар ұйымдастырылған болатын. Атап айтқанда, «Орталық Азия — Қытай: Энергетика» форумы өтті. Онда Қытай компанияларының қатысуымен елімізде жанартылатын энергия бойынша 30 жоба жүзеге асырылып жатқаны айтылды. Ал «Орталық Азия — Қытай» екінші индустриялық-инвестициялық ынтымақтастық форумында Қазақстан

мен Қытай жалпы сомасы 25 миллиард АҚШ долларына жуық шамамен 60 түрлі келісімге кол қойды. Бұдан бөлек, Қытай мен Орталық Азияның «Тату көршілік және достық: болашаққа бірге қадам» атты гуманитарлық алмасу форумы ұйымдастырылды. «Орталық Азия — Қытай» іскерлік кеңесінің екінші отырысы өтті.

«Орталық Азия — Қытай» саммиті енді екі жылдан кейін Бейжіңде өтеді. Бұл туралы формат Хатшылығының Бас хатшысы Сунь Вэйдун Астана саммитін қорытындылаған мәлімдемесінде айтты. Сондай-ақ ол Астана саммитінің ұйымдастырылу деңгейіне тоқталды.

— Орталық Азия елдерінің президенттері екіжақты кездесулер өткізді. Онда өзара сенімді нығайту және ынтымақтастықты күшейту мәселелері талқыланды. Тараптар Қазақстанға екінші «Орталық Азия — Қытай» саммитін жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін алғыс білдірді. Тараптар үшінші «Орталық Азия — Қытай» саммиті 2027 жылы Қытайда өтеді деп келісті, — деді Сунь Вэйдун БАҚ өкілдерінің алдында оқыған мәлімдемесінде.

Естеріңізде болса, I «Орталық Азия — Қытай» саммиті 2023 жылдың 19 мамырында Қытайдың Сиань қаласында өткен болатын. Сол кезде Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мен Қытайдың екінші саммитін Қазақстанда өткізуге әзір екенін жеткізді. Саммит қорытындысында Сиань декларациясына қол қойылып, екінші саммитті 2025 жылы Қазақстан өткізу туралы шешім қабылданды. Сөз соңында саммитке қатысты сарапшылар пікірін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Астанада өткен «Орталық Азия — Қытай» II саммитіне түрлі сарапшылар да айырықша назар аударды. Мамандар жиында «Бір белдеу — бір жол» жобасы транзиттік сипаттағы ғана емес, тұтас экономиканы алға жылжытатын кешенді бастама екеніне назар аударды. Қаржы сарапшысы Айбар Олжай 2025 жылдың алғашқы 5 айында Қазақстан экономикасының күтпеген жерден 6% көрсеткенін осы жобамен байланыстырды. Ол 2013 жылы Қытай Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанада «Бір белдеу — бір жол» жобасын ресми таныстырып, серіктестер іске кіріскенін айта келе, 12 жылдан кейін жобаның экономиканы алға сүйрей бастағанын айтты. Ал саясаттанушы Қазбек Майгелдинов C5+1 форматын қазіргі геосаяси ахуал шиеленісіп тұрған кезеңде тұтас Орталық Азия мен Қазақстанға ірі державалар арасында нақты теңгерімді сақтай отыра, ұлттық мүддесін қорғауға мейлінше мол мүмкіндік беретін бастама деп бағалап отыр.

ПІКІР



Айбар ОЛЖАЙ,
қаржы сарапшысы:

— Араға 12 жыл салып, осы жоба қазақ экономикасын құтқарып жатыр. Мұнай тұралап тұрғанда, Қытайдан Еуропаға баратын теміржол составтары еселеп артып, біздің көлік саласының бір жылда 22 пайызға өсуін қамтамасыз етті. Осы логистика саласы бүкіл экономикаға жан бітіріп, кем дегенде +2 пайызды өзі алып келді.

Енді Астанада өткен Орталық Азия мен Қытай арасындағы суперфорумда жаңа есіктердің ашылып жатқанын да сезіндік. Қытай теміржолдан әрі аттап, технологиялық белдеуін іске қосатынын аңғартты. Себебі біз өңделу деңгейі төртінші сатыға сай, қосылған құны жоғары өнім шығаратын технологиялық кәсіпорындар ашуға ниеттіміз деген ойымызды жеткізгенде, Қытай оған дайын болып шықты. Ар жағында Тайваньмен тірес санкция мен блоктық бөлінуге әкелсе, Қытайдың қазақ жеріндегі өндірістік қуаттары санкцияға ілікпей, саудасын жасай береді деген есептің бар екені анық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев геосаяси ахуал күрделі кезеңде жеткізу тізбегінің сенімді әрі қауіпсіз бағыттарын қамтамасыз ету барлық ел үшін стратегиялық тұрғыдан өзекті екенін айтты.

Сонғы жылдары Орталық Азия мен Қытай арасындағы сауда айналымы қарқынды өскен. Былтыр бұл көрсеткіш 95 миллиард АҚШ долларына жетті. Осының жартысына жуығы Қазақстанға тиесілі. Қазақстан экспортының құрылымында мұнай, мыс, уран, металлургия өнімдерімен қатар қайта өңделген агроөнімдердің үлесі артауда.

Астанадағы суперфорум Қазақстанға 24 миллиард доллардың келісімшарттарын алып келді. Олар энергетика, құрылыс, машина жасау, логистика, денсаулық сақтау, агроөнеркәсіп, білім беру және цифрлық технологиялар салаларын қамтиды. Енді баяғыдай мұнай, газ, көмір, шикізат деген әңгіме жоқ. Біз өзара жұмыстың басқа технологиялық кезеңіне көшіп отырмыз. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан алыптар арасындағы өз жолын тапқан мемлекетке айналайын деп тұр.



Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ,
Қытайды зерттеушілер қауымдастығының төрағасы, саясаттанушы:

— Бүгінгі таңда Қазақстан «Орталық Азия+» жиындарының орталығына айналып келеді деп нақты айта аламыз. Өйткені еліміздің астанасы түрлі аймақтық саммиттерді ұйымдастырудың көшбасшысына айналып отыр. Мысалы, институционалды түрде қарайтын болсақ, бұған дейін C5+1 саммиттері Сыртқы істер министрлері деңгейінде өтіп келген болса, 2023 жылы Қытай тренді бастап берді де, одан кейін АҚШ, Ресей, тіпті Еуропа мемлекеттері де осы президенттер деңгейіндегі форматқа көшуді ынғайлы санай бастады. Яғни, бүгінде біздің еліміз Орталық Азиядағы кооперацияның, мемлекетаралық ынтымақтастықтың күшеюіне барынша қозғау салып отыр. Нақты цифрлармен қарайтын болсақ, мысалы, 2022 жылы «Еуропа Одағы — Орталық Азия» жиыны Астанада өтті, былтыр Шанхай ынтымақтастық ұйымының жиыны Астанада өтті. Биыл СА+ саммиттері өтуде. Одан бөлек, келесі жылы аймақтық Климат саммиті де осында жоспарланып отыр. Бір сөзбен айтқанда, C5+1 форматының Орталық Азияны тұтас аймақ ретінде қалыптастырудағы рөлі артып келе жатыр.

Жалпы, «Орталық Азия+» форматы 10-нан астам бағытта жұмыс істеп жатыр. Олар — АҚШ, Қытай, ЕуроОдақ, Үндістан, Жапония, Оңтүстік Корея, Ресей, Германия, Түркия, Таяу Шығыс елдері, енді міне жақын арада Италия да қосылды. Бұл геосаяси түрболенттік кезде Орталық Азия ірі державалардың басты назарына ілігіп, олардың мүдделері ойысқан аймаққа айналып отырғанын білдіреді. Мұнда көптеген ар-

тықшылықтар бар. Біріншіден, ол экономикалық пайда алып келеді. Мәселен, инвестиция ағынының артуы, технологиялық трансферттердің жеделдеуі, қандай да бір максаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерінің кенеюі және әрине, ең бірінші кезекте транзиттік дәліздердің дамуы. Бұл экономикалық тұрғыда өте үлкен артықшылық береді. Саяси тұрғыда да ұтарымыз көп. Мысалы, Қазақстанның жүргізіп отырған көпвекторлы дипломатиясы шын мәнінде өзінің өміршеңдігін көрсетті. Яғни, ірі державалар болсын, аймақтық көшбасшылар болсын, барлық тараптармен тепе-тең, өзара мүдделі қарым-қатынас дамып келеді. Одан кейін бұл еліміздің геосаяси тәуелсіздігінің артуына да тікелей әсер етіп отыр. Әрі аймақтық көшбасшы ретіндегі позициямыздың нығаюына да нақты қосып отырған үлесі бар.

Ресей мен Қытайдың қазір аймақта қандай да бір артықшылықтары бар екені сөзсіз. Олар — ортақ шекаралардың болуы, Орталық Азия аймағына жақындығы және тағы да басқа. Қазіргі таңда Қытай өңірдің нөмірі бірінші сауда серіктесіне айналып, Ресейді басып озып отыр. Өйткені санкциялық саясаттың, Ресей мен Украина арасындағы соғыстың әсерінен Қытайдың рөлі артып отырғанын көріп отырмыз. Алайда Еуропа Одағы, АҚШ, Жапония, Түркия сияқты басқа да елдердің бәсекелестігі күшейе түскенін жокқа шығармауымыз керек. Себебі бүгінде біздің аймаққа сирек металдарды игеру бойынша қызығушылық артып отыр. Барлық тараптар озық технологияларға керек шикізаттарға баса ден қоюда.

Қорыта айтқан кезде, Қазақстан қазір шын мәнінде C5+1 форматының көшбасшысына айналды, оған оның географиялық орналасуы мен дипломатиялық белсенділігі де тікелей әсер етіп отыр. Қазіргі геосаяси ахуалда бұл Қазақстанға ірі державалар арасында нақты теңгерімді сақтай отыра, ұлттық мүддесін қорғауға мейлінше үлкен мүмкіндік бермек. Бір сөзбен, Қазақстан жаңа «Ұлы ойын картасында» енді пассивті ойыншы емес, белсенді геосаяси субъектіге айналып келеді деп ашық айта аламыз.

СЕНАТ



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Сингапурдың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Зулкифли Бахарудинмен кездесті.

Кездесу барысында Мәулен Әшімбаев дипломатты Сингапурдың алдағы Тәуелсіздік күнімен құттықтап, аталған елде қолға алынған өзгерістерге жоғары баға берді. Сондай-ақ ол Қазақстан мен Сингапур арасындағы байланысты нығайту ісінде екі ел басшыларының достық қарым-қатынасы үлкен рөл атқарып отырғанын, соның нәтижесінде бүгінде көптеген салада маңызды келісімдерге қол жеткізілгенін атап өтті.

Сұхбат кезінде екіжақты қарым-қатынасты, оның ішінде парламентаралық ынтымақтастықты нығайту барысы да сөз болды.

«Соңғы жылдарда екі елдің ынтымақтастығы қарқынды дамып келеді. Сингапур Президенті Халима Якоб 2023 жылдың мамыр айында Орталық Азияға жасаған алғашқы сапарын Қазақстаннан бастады. Былтыр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сингапурға 20 жылда алғаш рет мемлекеттік сапармен барды. Бұл сапарлар серіктестігімізді нығайтуға өзара мүдделі екенімізді және бұл бағыттағы зор әлеуетімізді көрсетеді. Біз сіздің елдеріңіздің заңнамалық бағыттағы тәжірибелеріне ерекше қызығушылық танытып отырымыз. Қазақстан Парламентінің екі Палатасында да Сингапурмен достық топтары жұмыс істейді. Мұны депутаттар арасындағы ынтымақтастықтың маңызды тетігі деп қабылдаймыз. Алдағы уақытта олардың әлеуетін белсенді пайдалану айрықша мәнге ие», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесуде рухани дипломатияны ілгерілету жолында күш біріктірудің маңызына да мән берілді. Сұхбаттасушылар Қазақстанның бастамасымен ұйымдастырылып келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съезі мен Сингапур өткізетін Халықаралық ұйымшыл қоғамдар конференциясының максаттары және көтеретін мәселелері ұқсас екеніне назар аударды. Екі іргелі форум да мультикультурализм, инклюзивтілік және қоғамның бірлігі сияқты құндылықтарды дәріптейді.

Сонымен қатар тараптар сауда-экономикалық, инвестициялық, инфрақұрылымдық ынтымақтастық мәселелері жөнінде пікір алмасты және энергетика, логистика, цифрландыру сияқты іргелі бағыттарға қатысты бірлескен міндеттерді белгіледі. Іс-шарада айтылғандай, қазір елімізде 150-ге жуық бірлескен Қазақстан-Сингапур кәсіпорны табысты жұмыс істеп келеді.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев дипломатқа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың маңызы жайында айтып берді. Бұл ретте Палата Спикері экономиканы әртараптандыруға арналған жобаларға кеңінен тоқталды.

Өз кезегінде Зулкифли Бахарудин Қазақстанның жаһандық сын-қатерлерді еңсеру, әлеуметтік-экономикалық және саяси реформаларды іске асыру жолында жасаған батыл қадамдарына жоғары баға берді.

ЖСН-ДІ ҚАЙТА ЖАСАТУ КЕРЕК ЕМЕС

«Қазақстан тұрғындары 2024» атауымен тіркелген жаңа ауқымды дерекқор интернет кеңістігіне тарап кеткені белгілі. Осыған байланысты азаматтар ЖСН-дерін қайта жасатып, мәліметтерін жаңартуы қажет пе? Бұл сауалға Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков жауап берді.



бар. Онда сіз өзіңізді аталған тізілімге тіркей аласыз және ешкім атыңыздан несие рәсімдей алмайды. Өзіңіз рұқсат бергенде ғана рәсімделеді. Сондықтан бәрі де қорғалған, — деді ол Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте.

Бекболат Молдабековтің айтуынша, алаяқтық тәуекелдерін төмендету үшін қауіпсіздіктің белгілі бір ережелерін сақтау аса маңызды.

— Ешкімге сенбеу, қосымша келетін смс-кодты ешкімге айтпау аса маңызды. Смс-кодты мемлекеттік қызметтер алған кезде ғана көрсете аласыз. Өзіңізді қорғау маңызды. 1414 нөмірінен келген смс-кодты ешкімге жібермеу керек. Ең дұрысы қорғану және «стоп-кредит» қызметін пайдалану, — деді вице-министр.

Бұған дейін 16 302 107 қазақстандықтың жеке деректерінің ашық интернет көзіне тарап кеткені жөнінде айтылған еді.

Баян МАХСЕТҚЫЗЫ,
ЕҰҰ студенті

ТАБЫСЫН ЖАСЫРҒАНҒА ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗЕДІ

Бүгінде 854 блогерге 72 млрд теңге табыс салығын төлеу жөнінде хабарлама жіберілді. Бұл туралы Қаржы министрі Мәди Такиев мәлімдеді.

— Блогерлер 2026 жылғы 31 наурызға дейін декларация тапсыруы керек, яғни табысын растайды. Жалпы білесіздер, біз блогерлермен бірталай жұмыс атқардық. Мындаған блогерге салық төлемі туралы хабарлама жіберілді, — деді Мәди Такиев Мәжілістің жалпы отырысынан кейін өткен брифингте.

Министр келтірген мәліметке сүйенсек, 854 блогерге 72 млрд теңге табыс салығын төлеу жөнінде хабарлама жіберілді. Оның ішінде 394 блогер 11,8 млрд теңге салық төледі.

— Қалған 438 блогерге қатысты тексеру жүргізіміз, — деп толықтырды ведомство басшысы.

Айта кету керек, бұған дейін 360-қа жуық блогер өз еркімен 10,5 млрд теңге сомасындағы табысын растады. Төлем 256 млн теңге (салық) болды.

Абылайхан ДҮЙСЕНБЕК



МӘЖІЛІС

БЮДЖЕТ ЕСЕБІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарап, Сенатқа жолдады. Сонымен қатар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы күрес туралы заңды екінші оқылымда қабылдап, Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді ратификациялады.



Үкіметтің 2024 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін Қаржы министрі Мәди Такиев таныстырды. Ол жалпы ішкі өнімнің алдын ала нақты өсімі 4,8 пайызды құрағанын хабарлады. Бюджет түсімдері 98 пайызға орындалып, шамамен 20 трлн теңгені құраған. Ал шығыстар — 23,6 трлн теңге. Бұл ретте республикалық бюджет тапшылығы 3,6 трлн теңгені немесе ішкі жалпы өнімнің 2,7 пайызын құралады.

— Жалпы барлық әлеуметтік міндеттемені Үкімет толықтай орындады. Оның ішінде өңірлерді қолдауға 7,1 трлн теңге, әлеуметтік салаға 8,8 трлн теңге қаражат бөлінді. Сонымен қатар Үкімет резервінен, өңірлердегі ауқымды мәселелерге де бюджет қаражаттары жұмсалды. Атап айтсақ, су тасқынын жою, жылу көздері мен желілерін жаңғырту, «ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі» ұлттық жобаны іске асыруға тиісті қаражат бөлінді, — деді Қаржы министрі.

Өз кезегінде Жоғары аудиторлық палата төрағасы Әлихан Смайылов қорытындыға сәйкес 2024 жылдың сәуірінде мемлекеттік жоспарлау жүйесі жаңартылғанын, алайда орталық мемлекеттік органдар даму жоспарларын оған уақытылы бейімдей алмағанын айтты. Нәтижесінде, мемлекеттік органдардың даму жоспарының 7 негізгі ұлттық индикаторы мен 20 нысаналы индикаторына қол жеткізу мүмкін болмаған. Бұл ретте былтыр бюджет шығыстарына 13 рет өзгеріс енгізілген. Қаржыландыру жоспарынан 56 млрд теңгені құрайтын 112 бюджеттік инвестициялық жоба алынып тасталған. Екінші жартыжылдықта жалпы сомасы 58 млрд теңгеге басқа 96 инфрақұрылымдық жоба енгізілген.

Жұмыс тобының жетекшісі Ұласбек Сәдібеков өзінің қосымша баяндамасында бюджет орындалғанымен, оның орындалу сапасына қатысты бірқатар мәселе барын айтты. Бюджетті жоспарлау, жүзеге асыру және бақылау барысында жүйелі қиындықтар кездесіп отыр.

— Бюджет саласындағы бұзушылықтар жылдан-жылға көбейіп отыр. Сыртқы мемлекеттік аудит 861,9 миллиард теңге көлемінде бұзушылықты анықтады. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 64,8 пайызға көп. Оның 154 млрд теңгесі — нақты қаржылық бұзушылықтар, 708 млрд теңгесі — бюджетті дұрыс жоспарламау және қаражатты тиімсіз пайдалану, 10 мыңнан астам рәсімдік (құжаттық) қателіктер. Сондай-ақ ішкі аудит арқылы тағы 81 млрд теңге сомасында бұзушылық анықталды, — деді Ұ. Сәдібеков.

Баяндамаларды тыңдаған мәжілісмендер Үкімет мүшелеріне бюджеттің орындалмау фактілері және Жоғары аудиторлық палата анықтаған басқа да олқылықтар бойынша сұрақтарын қойды. Ұлттық қор активтерін басқарудың ашық болмауы, мемлекеттік тапсырмаларды бәсекелестікке жатпайтын ортаға орналастыру, инвестициялық жобаларды іске асыру қарқынының төмендігі, бюджет қаражаты есебінен сапасыз нысандар салу және басқа да мәселелер талқыланды.

Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельева Жоғары аудиторлық палатаның соңғы бірнеше жылда мемлекеттік қарызды басқарудағы проблемаларды жүйелі түрде тіркеп келе жатқанына тоқталды. Оның ішінде несиегердің қайтарылуын бағалаудың, фискалдық және валюталық тәуекелдерді талдаудың, борыштық міндеттемелердің барлық түрі бойынша шоғырландырылған баланстың болмауы бар.

— Бұл проблеманың бәрі 10 жыл ішінде 3,5 есеге, яғни 8,7 триллионнан 30,1 триллион теңгеге дейін өскен мемлекеттік қарыздың өсуі аясында болып отыр. Бұл ретте салыстырмалы көрсеткіш ішкі жалпы өнімнің 22,4 пайызы шегінде қалады және ол тиісінше алаңдаушылық тудырмауы керек. Бұл тәсіл тек тұрақтылықтың көрінісін ғана қалыптастырады. 2024 жылдан бастап Бюджет кодексінің жаңа нормалары күшіне енді. Олар шын мәнінде бірінші рет барлық мемлекеттік борыштық міндеттемені кешенді басқаруға негіз болады. Дәл осы стандарттар Жоғары аудиторлық палата жыл сайын айтатын кемшіліктерін жоюға тиіс. Мәселе практикалық инерция кезінде нормативтік прогрес әсерін болдырмауда, — деді Т. Савельева.

Мәжілістегі барлық саяси партия фракциялары есептерге өз бағаларын берді. Қазақстан Халық партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы және «Ақ жол» партиясы фракциялары Үкіметтің 2024 жылғы бюджеттің атқарылуы туралы есебін қолдамай, қарсы дауыс берді.

«Ауыл» және Respublica партиялары фракциялары Үкіметтің есебін бекітуді қолдады. «AMANAT» партиясы фракциясы депутаттар тарапынан айтылған ескертулерді ескере отырып, құжатты бекітуге болады деген қорытындыға келді.

Жалпы мәжілісмендер Үкіметтің есебін қанағаттанарлық деп бағалап, оны Сенаттың қарауына жолдау туралы шешім қабылдады.

Талқылауды Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов қорытындылады. Ол жалпы ішкі өнім мен инвестиция көлемінің өсуі, әлеуметтік міндеттемелердің толық көлемде орындалуы Мемлекет басшысының экономиканы дамыту және кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі нақты тапсырмаларының нәтиже беріп жатқанын көрсететінін ерекше атап өтті. Бұл ретте спикер бюджетті атқаруға қатысты айтылған бүгінгі ұсыныстарға Үкімет баса мән беруі қажет екеніне назар аударды.

— Бұрын бюджеттің шығыс бөлігіне қатысты біраз сұрақ туындайтын. Биыл өкінішке қарай, бюджеттің кіріс бөлігін жоспарлау мен орындауда кеткен кемшіліктерге байланысты мәселелер орын алуда. Соның салдарынан Ұлттық қордан қаражат алу мен сырттан қарыз алу көлемі артып келеді. Депутаттардың бұл алаңдаушылығы орынды деп санаймын. Тиісті мемлекеттік органдар осы мәселе бойынша қорытынды жасаулары керек, — деді Е. Қошанов.

Парламент палаталарының бірлескен отырысында Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2024 жылға арналған республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қорытынды қарау өтеді.

Мәжіліс Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Түзетулер салалық заңнаманы Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржы шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) ұсынымдарына сәйкес келтіру үшін әзірленген.

Жұмыс тобының жетекшісі Мұрат Ерғешбаевтың айтуынша, заң аясында қаржы мониторингінің жаңа субъектілері, соның ішінде ұялы байланыс операторлары мен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы енгізіледі. Сондай-ақ «күдікті қызмет» түсінігі енгізіледі. Ол трансферттердің жиілігімен, көлемімен және бағытымен анықталады. Мысалы, күн сайын бір есепшотқа бірдей сома аударылады. Мұндай мәмілелер тексеріледі және олар бойынша одан әрі жұмысты Қаржылық мониторинг агенттігі жүргізеді. Бұл ретте қаржылық мониторинг субъектілері уәкілетті органға күдікті қызмет туралы хабарлар жіберуге міндетті.

Құжат аясында алғаш рет қаржылық мониторингке жататын сомасы 5 миллион теңгеге тең немесе одан асатын цифрлық активтермен жасалатын операциялар бойынша шек белгіленеді. Мәдени құндылықтарды қолма-қол нысанда сатып алу (сату) операциялары бойынша қаржылық мониторингтің шекті мөлшері 45 миллион теңгеден 1 миллион теңгеге дейін төмендетілді. Басқа да нормалар бар.

Бұдан бөлек, Мәжіліс 2024 жылғы 12 желтоқсанда Астанада жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Қазақстанның инклюзивті экономикасы үшін жеделдетілген цифрландыру жобасы) ратификациялады. Ол бойынша Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев баяндады.

Жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева қосымша баяндамасында келісім 2,3 миллион ауыл тұрғынын жоғары жылдамдықты интернетпен қамту үшін қаражат тартуға бағытталғанын айтты. Бұл — «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында ауқымды жұмыстардың бір бөлігі.

— Мыннан астам ірі ауылда әрбір үйге талшықты-оптикалық байланыс желісі тартылады. Бұл — ең жылдам, ең тұрақты және қауіпсіз байланыс. Елді жерүсті байланыс желілерімен қамтуды ұлғайту арқылы біз ауылды елді мекендердің өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, еліміздің технологиялық тәуелсіздігін қамтамасыз етеміз, — деді депутат.

Шығындар ішінде 42 млрд теңге мемлекеттік несие болса, тағы 42 млрд теңге — жеке бірлескен қаржыландырудың міндетті шарты. Осылайша, салаға кем дегенде 84 млрд теңге инвестиция салынады. Несиенің өзі 1 пайыз сыйақымен жапон иенімен алынады. Жоба 2028 жылы қарызды өтеу басталғанға дейін толығымен жүзеге асырылады. Қарыз 2035 жылға дейін өтеледі.

Мәжіліс Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі парламенттік комиссияның жанартылған құрамын бекітті. Оның құрамына бұрынғы депутаттар Асқар Садықов пен Гауһар Танашеваның орнына Серік Ерубәев пен Ирина Смирнова кірді. Комиссия құрамын Мәжілістен жасақтау кезінде барлық саяси партия фракцияларының өкілдері ескерілді.

С. БЕГІМБАЙ

БАҒДАР

19 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

КӨКЖИЕК

КӘСІПТІК БІЛІМ – ӘР БАЛАҒА



Құлақ тұндырған қошемет, ата-аналардың көз жасы: ерекше білім беруді қажет ететін 28 жасөспірім кәсіптік оқудан өткені туралы алғашқы куәліктерін алды. Олар «AMANAT» партиясының қолдауымен Bolashak Charity қоры жүзеге асырған «Оқу-өндірістік комбинаттар» жобасының түлегі атанды. Бес ай Қоғамдық тамақтану және сервис колледжінде білім алған балалар «Аспаз», «Кондитер», «Тігін өндірісі және киім моделі» бағыттары бойынша дағдыланды.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген «AMANAT» партиясының Хатшысы Ержан Жылқыбаев бұл жай ғана әлеуметтік жоба емес, қоғамның ерекше қажеттілігі бар адамдарға деген көзқарасын өзгерту жолында жасалған нақты кадам екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында ерекше қажеттілігі бар әрбір баланың толыққанды білім алуға мүмкіндігі болуы керек екенін айтқан болатын. «AMANAT» партиясы Президенттің инклюзивті қоғам құру жолындағы байыпты бағытын ұстанады. Соған сәйкес, әрбір адам, физикалық немесе психикалық ерекшелігіне қарамастан, дамуға тең құқылы. Біз жалаң сөзбен шектелмейміз: «Кедергісіз келешек» жобасын жүзеге асырамыз, заңнамаларға бастамашылық етеміз, осыған ұқсас жобаларға қолдау көрсетеміз. Сахнаға шыққан балалардың жанарындағы жалынды көріп, қолға алып жатқан жұмысымыздың мәні мен маңызына көз жеткізудеміз», — деді ол.

«Оқу-өндірістік комбинаттар» жобасының мақсаты — дағдыландыру ғана емес, дамуында ерекшелігі бар жасөспірімдерге өздерін сұранысқа ие әрі тәуелсіз сезінуге көмектесу. Оқу барысында олар колөнерді игерді. Ең бастысы, олардың өз-өзіне деген сенімі пайда болды. Оқытушыларымен және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауды үйренді.

Bolashak Charity қорындағы Кам-қоршалық кеңесінің төрағасы Динара Гаплан бүгінде ақыл-ой кемістігі бар жасөспірімдерге кәсіптік білім беру мәселесі өте өзекті екенін атап өтті. Себебі тоғызыншы сыныптан кейін олардың басым көпшілігі оқуын жалғастыра алмайды. Өйткені колледж бағдарламалары мұндай ерекше балаларға арналмаған.

«Соған байланысты, қор серіктестермен бірлесіп колледждер базасында оқу-өндірістік комбинаттардың моделін қолға алды. Онда ерекше білім беруді қажет ететін жасөспірімдер мен ересектер тәжірибе арқылы түрлі мамандықты игереді. Бір

жарым жылда 70-ке жуық адам оқытылды. Ақыл-ой кемістігі бар адамдарға арналған кәсіптік білім беру ісін дамытуға ТжКБ-дағы оқу бағдарламаларын бейімдеу қадамы айтарлықтай көмек болар еді. Яғни, білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, біздің ОӨК моделіне сәйкес, теориялық бөлімді қысқарту, оқу бағдарламаларын тәжірибеге негіздеу қажет», — деді ол.

«Наубайшы» бағыты бойынша оқыту курсынан өткен аутизмді бар түлектің әкесі Елдос Иманбаев өз оқиғасымен бөлісті. Ол ұлының сабаққа ерекше құлшыныспен барғанын, пісірген нанын үйге шын мақтанышпен алып келгенін және осы уақыт аралығында қаншалықты өзгергенін айтты.

«Бұл — жай курс емес, мектеп пен ересек өмір арасындағы көпір. Ұлым тек тағам пісіруді ғана емес, сонымен қатар команданың бір мүшесі болуды, тыңдауды, тапсырма орындауды үйренді. Өз-өзіне деген сенімі пайда болды. Біз, яғни ата-аналар үшін бұл баға жетпес бақыт», — деді ол.

Айта кетейік, ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау — «AMANAT» партиясының басты басымдықтарының бірі. Партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында медициналық мекемелердің электрондық құжаттары негізінде мүгедектікті белгілеу үдерісі заңнамалық түрде бекітілді; мүгедектігі бар адамдар үшін тауарлар мен қызметтерге тапсырыс беруге арналған Aleumet қосымшасы іске қосылды; ерекше қажеттілігі бар 15 мыңға жуық адам жұмыспен қамтылды; дамуында ауытқулары бар және олардың пайда болу қаупі бар кішкентай балаларға арналған 8 ерте араласу орталығы ашылды; мектептерде 63 инклюзияны қолдау кабинеті жұмысын бастады. Партиялық рейдтер нәтижесінде Интерактивті колжетімділік картасына енгізілген 42 мыңнан астам әлеуметтік нысанның 44%-дан астамы бейімделді. Сонымен қатар биыл 1 қантардан бастап мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақы мөлшері көбейтілді.

Еске сала кетейік, «Ерекше білім беру қажеттілігі бар жасөспірімдер мен ересектерге арналған оқу-өндірістік комбинаттар» жобасы 2024 жылы бастау алды. Сол жылы ерекше білім беру қажеттілігі бар 34 жасөспірім оқыту курсының түлегі атанды. Олардың арасындағы 10 түлек колледжге түсіп, оқуын жалғастыруда. Ал 8 жасөспірім түрлі ұйымда тағылымдамадан өтіп, олардың 3-і жұмысқа орналасты.

АЛАМАН



«СӨЗ ЗЕРГЕРІ – СӘБИТ»

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Пресновка ауылында «AMANAT» партиясының қолдауымен «Сөз зергері – Сәбит» атты республикалық ақындар айтысы өтті. Қарымды қаламгер, әйгілі жазушы Сәбит Мұқановтың 125 жылдығына арналған дүбірлі додада еліміздің түкпір-түкпірінен келген 12 ақын бақ сынады.

Өз кезегінде, аламан айтыстың тізгінін ұстаған Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Аманжол Әлтай төл өнеріміздің мәні мен маңызына тоқталды.

«Солтүстік Қазақстан өңіріндегі айтыс өнері биік деңгеймен, аймақтағы ақындардың жоғары дайындығымен және олардың орамды ойымен ерекшеленеді. Бүгінгі дүбірлі додада еліміздің түкпір-түкпірінен келген айтулы ақындар бас қосты. Бұл — сөз өнерінің кастерлі тойы. Осы өңірдің төл өнерімізге — айтыстың дамуына қомақты үлес қосқаны анық. Кастерлі топырақта талай дарыны ақындар кіндік кесіп, түлеп ұшты. Бүгін киелі сахнада ұлттық рухымыз аспандап, мәдениетіміз бен өнеріміздің мерейі асқақтайды деген ойдамын», — деді Аманжол Әлтай.

Осы орайда «AMANAT» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалының атқарушы хатшысы Жеңіс Асанов партия рухани қазынамызды еселеу жолында ақымды жұмыс атқарып келе жатқанын жеткізді.

«Айтыс — халқымыздың рухани тамырынан нәр алған асыл өнер. Бұл — ұлттың дауысы, келешекке деген сенімінің белгісі. «AMANAT» партиясы «Ұлттық мұра» жобасы аясында рухани қазынамызды жаңғыртуды және жастардың ұлттық өнерге деген қызығушылығын оятуды басты міндеттерінің бірі ретінде белгілеп отыр. Бүгінгі айтыс — осы мақсаттың айқын көрінісі. Біз мәдени мұрамызды сақтай

отырып, мемлекетіміздің тұғырын бекемдей түсеміз», — деді Жеңіс Асанов.

Қазылар алқасының төрағасы — Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың және «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Жайлыбай. Сондай-ақ қазылар алқасының құрамында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Жанарбек Әшімжанов, сонымен қатар Қойлыбай Асанов, Серік Қалиев және Достен Баймұқанов сынды белгілі ақындар, сөз өнерінің майталмандары болды.

Бұл ретте, Жамбыл ауданының әкімі Азамат Бектасов жазушы Сәбит Мұқановтың өрнекті өмір жолы осы өлкемен тығыз байланысты екенін ерекше атап өтті.

«Сәбит Мұқанов — Жамбыл ауданының төл перзенті. Біз мұны әрдайым мақтан тұтамыз. Оның әдеби мұрасы — тек тарих қана емес, халықтың жанын, рухын бейнелейтін асыл қазына. Бүгінгі айтыс — сол мұраның жалғасы, сөздің әлі де қоғамды біріктіретін, шабыттандыратын, дәуір үнін жеткізетін күш екенін дәлелдеп отыр», — деді Азамат Бектасов.

Нәтижесінде, бас жүлдені Жарқын Жұпархан (Солтүстік Қазақстан облысы) иеленді. Ал жүлделі 1-орын Максат Ахановқа (Қарағанды облысы) және Мұхтар Ниязовқа (Қызылорда облысы) бұйырды. 2-орынды Өміржан Көпбосын (Ұлытау облысы), ал 3-орынды Әсем Берекжызы (Абай облысы), Жұлдыз Қожабекова (Ақтөбе облысы) және Даурен Аскалов (Түркістан облысы) қанжығалады.

МӘСЕЛЕ

ҚАЙТАЛАМА НАРЫҚ ҚАЙТА ЖАНДАНА МА?

(Басы 1-бетте)

А Кәмила ДҮЙСЕН

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ипотекаға қойылатын жаңа шектеулерді енгізуді уақытша кейінге қалдырды. Бұған дейін 2025 жылдың 15 маусымынан бастап ипотеканың ең жоғары пайыздық мөлшерлемесі 25%-дан 20%-ға төмендеуі керек еді. Алайда бұл өзгерістер енді тек 1 қарашадан бастап күшіне енеді.

Мұндай шешім банктерге жаңа ережелерге бейімделу үшін қосымша уақыт беру мақсатында қабылданды. Яғни, олар өз жүйелерін жанартып, ішкі құжаттарын жаңа талаптарға сай қайта қарастыруы қажет.

Сол себепті қараша айына дейін бұрынғы шектеулер сақталды: ипотека бойынша 25%-ға дейін, кепілді несие 35%-ға дейін, кепілсіз несие 46%-ға дейін, ал қысқамерзімді микронесиелер 179%-ға дейін. Бұл кезеңде ипотека алуға мүмкіндік сәл кеңейіп, халыққа қолжетімді бола түседі.

Жаңа ережелердің күшіне ену мерзімін шегеру туралы қаулы агенттіктің ресми сайтында жарияланды. Ол Әділет министрлігінде тіркеліп, ресми түрде бекітілгеннен кейін қана қолданысқа енеді.

Дегенмен осы уақыт аралығында қазақстандық банктердің бір бөлігі қайталама нарықтағы тұрғын үй сатып алуға арналған ипотека бойынша өтініш қабылдауды уақытша тоқтатты. Олардың қатарында Halyk Bank пен ЦентрКредит банкі бар. Бұл банктер қазір тек бастапқы тұрғын үйге несие беруді жалғастырып жатыр, бірақ оның өзі барлық нысанға емес, тек жаңа талаптарға сәйкес келетін жобалармен шектелген. Сонымен қатар Altyn Bank пен Нұрбанк қайталама тұрғын үй ипотека рәсімдеуді жалғастыруда. Ал Freedom Bank штаттық режимде жұмыс істеп жатқанын және 16 маусымға дейін кепілдік хат алған барлық өтініштерді орындайтынын хабарлады. Банктер ипотека рәсімдеудің жаңа шарттарын кейінірек жариялайтынын мәлімдеді.

Ал жылжымайтын мүлік саласының сарапшысы Неля Әбдірақымованың айтуынша, жаңа өзгерістер тұтынушылар үшін тиімді шарттар ұсынады. Демек, жыл соңында қайталама нарық қайта жандануы мүмкін.

— Екінші деңгейлі банктер 16 маусымнан бастап қайталама нарықтағы тұрғын үйлерге ипотека беру шарттарын өзгертуі қажет болатын. Көптеген өріптестерін осы уақытқа дейін ипотеканың бұл түрін тоқтатып тастайды деп қауіптенді. Бірақ аталмыш ипотекалық



өнімнің шарттары қайта өзгерсе, сатып алушыларға тиімдірек бола түсер еді. Себебі пайыздық мөлшерлемелер едәуір төмендейді. Мысалы, бұрын 20 пайыздан жоғары болса, өзгеріс енгізілгеннен кейін 17,7 пайыздан басталатын болады. Сондықтан екінші нарықтан ипотека алуды көздеп жүрген азаматтарға шарттар жаңадан енгізілген соң рәсімдеуге кеңес берер едім, — дейді ол.

Бұл шектеу тек жаңа рәсімделетін ипотекалық келісімдерге ғана қатысты. Бұған дейін берілген несиелер бұрынғы шарттармен қала береді, тек қайта қаржыландыру кезінде жаңа талаптар күшіне енеді.

Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы мамандарының пікіріне сүйенсек, ипотеканың басым бөлігі бұған дейін де 20%-дан төмен мөлшерлеменен беріліп келген. Бұл — ең алдымен, «Отбасы банкі» және «7-20-25» секілді мемлекеттік бағдарламалардың үлесінің көп болуына байланысты. Мәселен, 2024 жылдың сәуір айында берілген 214,3 млрд теңгенің 70%-ы «Отбасы банк» арқылы рәсімделген.

«Сәуір айында мұндай жаңа кредиттердің жалпы берілуі 214,3 млрд теңгені құрады, оның 70% — ы несие 150,3 млрд теңгесі Отбасы банкіне, 6,5% — ы несие 14 млрд теңгесі «7-20-25»-ке, ал қалған 23,5%-ы несие 50 млрд теңгесі ғана нарықтық өнімдерге тиесілі, — дейді қауымдастық мамандары. — Ал жаңа шектеу нарықты қорғаудан гөрі банктердің еркіндігін тежейді. Базалық мөлшерлеме жоғары, ал қаржы тарту қиындай түскен кәзіргідей жағдайда, бұл шешім екінші деңгейлі банктердің икемділігіне кері әсер етуі мүмкін. Нәтижесінде, банктер табысы жоғары клиенттерге басымдық беруді, несиелік саясатты қатаңдатуы ықтимал».

ҮЛЕСКЕРЛЕР ҮМІТІ АҚТАЛДЫ

Тұрғын үй нарығындағы тағы бір маңызды өзгеріс — Сенат мақұлдаған үлестік құрылыс туралы заңға енгізілген түзетулер. Енді құрылыс салушы компаниялар тек арнайы типтік үлгідегі келісімшарт негізінде ғана үлескерлерден ақша тарта алады. Бұған дейін үлестіктерден ақша тарта алады. Бұған дейін тек таралған алды ала сату, басқа да жанама келісімдер енді заңсыз болып қалмақ.

Сенат мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, автомобиль жолдары және мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау қызметтерін көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңында мынадай шектеулер қарастырылған: құрылыс сатысындағы тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды сатып алуға қатысты алдын ала шарттар жасауға; құрылыс сатысындағы тұрғын үйлерге ипотека беруге; үлескерлердің қаражатын тартуға рұқсат болмаған жағдайда жарнама жасауға тыйым салынады. Сондай-ақ құрылыс сатысындағы тұрғын үйді сату-сатып алу мәмілелері тек қолма-қол ақшасыз жолмен жүргізілуге тиіс.

Сонымен қатар үлестік құрылыс кезінде құрылыс салушыларға қойылатын талаптар жеңілдетілді, бірақ тұрғын үй құрылысын ұзарту мерзімі 9 айдан 5 айға қысқартылды.

Тағы бір маңызды мәселе — «Үлескерлерді қолдау орталығы» құрылатын болады, онда азаматтарға тұрғын үйді қауіпсіз сатып алу туралы кеңес беріледі.

Сондай-ақ депутаттар алдын ала шарттар, брондау және инвестициялау шарттарын жасауға тыйым салды. Енді тек тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт

ғана заңды болады. Үлескерлердің ақшасын тиісті рұқсатсыз тартқан құрылыс салушылар үшін әкімшілік жауапкершілік енгізу ұсынылды — 2 000 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Ал рұқсатсыз құрылыс объектілеріндегі пәтерлер (үлестер) туралы жарнама үшін 1 000 АЕК-ке дейін айыппұл қарастырылған.

Қазақстан құрылысшылар қауымдастығы бұл өзгерістерді оң бағалап отыр. Өйткені бұған дейін елімізде құрылыс жобаларының 70%-ы заңбұзушылықтармен жүзеге асырылып келген. Жаңа талаптар құрылыс процесінің ашықтығын арттырып, азаматтардың инвестицияларын қорғауға бағытталған.

Сондай-ақ құрылыс салушыларға қойылатын талаптар да өзгеріп отыр. Енді үлескерлердің қаржысын тарту үшін компания әкімдіктің рұқсатын алуы және ғимараттың қаңқасын салып бітіруге тиіс. Сонымен қатар компания капиталына қойылатын талап 15%-дан 10%-ға төмендеді.

Ипотекалық банктер де өз саясатын өзгертуде. Енді олар тек рұқсаты бар немесе кепілдігі бекітілген нысандарға ғана несие береді. Бұл үлескер ақшасының құрылысқа заңды түрде бағытталғанына сенімді болуына мүмкіндік береді. Бұрын құрылыс мерзімін 9 айға дейін ұзартуға рұқсат етілсе, енді ол ең көбі 5 айға ғана созылады. Сонымен қатар ақиматтар енді құрылысқа барлық кезеңде мониторинг жүргізіп, заңсыз ақша тарту әрекеттерін дер кезінде анықтауға тиіс.

Бұған қоса, заң құрылыс процесіне қатысушылар санын арттырып отыр. Осыған дейін шарт тек құрылыс салушы мен үлескер арасында жасалса, енді бұл тізімге жоба компаниясы мен банк-агент қосылды. Яғни, құрылыс салушы компания тікелей ақша тартпайды, бұл жұмысты арнайы құрылған жоба компаниясы жүргізеді.

Сонымен қатар адал құрылысшыларды қолдау мақсатында кейбір талаптар жеңілдетілді. Егер нысанның қаңқасы дайын болса немесе банк не «Бірінші оператордың» кепілдігі болса, онда: тәжірибе талабы 5 жылдан 3 жылға дейін төмендейді. Бірақ кез келген жағдайда құрылыс салушыда кемінде 100 000 АЕК мөлшерінде меншікті капиталы болуы шарт.

СОҚПАЙ КЕТПЕС СТАГНАЦИЯ

Сарапшылардың айтуынша, қазір тұрғын үй нарығы белгілі бір тоқырау кезеңіне аяқ басты. Ипотеканың уақытша тоқтауы, банктердің жаңа шарттарды күтудегі белгісіздігі мен халық табысының шектеулі болуы нарықтағы белсенділікті төмендетті. Оған жыл сайын төменге құлдыап бара жатқан тұрғындардың сатып алу қабілетін қосыңыз.

Жығылғанға жұдырық демекші, инфляция да мақсатты межеден төмендемей, қасарысып бағуда. Қаржыгер Рәсул Рысмамбетов өз сөзінде, ресми көрсеткіштер инфляцияны 9% деп көрсеткенімен, нақты нарықтағы инфляциялық қысым 20%-ға жуық екенін айтқан еді. Мұндай жағдайда банктер табысыз жұмыс істей алмайтыны анық. Сондықтан ипотекалық несиелер бойынша бастапқы жарна, сақтандыру төлемдері мен комиссиялар да қымбаттауы мүмкін. Бұл өз кезегінде сатып алушының мойнына түсетін жүктемені арттырады.

Бүгінде азаматтардың көпшілігі ипотека арқылы үй сатып алу мүмкіндігін жоғалтып, қайталама нарықта да белсенділік төмендеген. Krisha.kz порталының, деректеріне сүйенсек, нарықтағы бағалар кей өңірлерде 10%-ға дейін түсіп кеткен. Ал шын мәміле бағасы мен жарнамадағы баға арасындағы айырмашылық 20%-ға жетіу мүмкін.

Болжам бойынша, жылдың соңына дейін қайталама нарықтағы бағалар одан әрі төмендеп, сатылым азая түседі. Бұған дәлел — былтырғы тәжірибе: мысалы, 2023 жылдың қыркүйегіндегі қысқа мерзімді дүрлігу бірнеше аптадан соң басылып, нарық қайтадан тұрақты күйге түскен болатын.

Сондақтан алдағы уақытта тек заңды жолмен дамуға дайын, құжаттары толық, қаржылық негізгі бекіт компаниялар ғана нарықта қалуы ықтимал. Ал көлеңкелі келісімдерге сүйенген жобалар тоқтап, сатып алушыларға қауіп төндімейтін болады. Риелторлар мен пәтерді алып-сату арқылы табыс табатын делдалдар үшін де бұл кезең оңай болмайын деп тұр. Себебі мәмілелер саны азайып, комиссия табыстары қысқарады.

Солай бола тұра, бұл өзгерістер нарықты сауықтыруға бағытталғаны анық. Ашық, заңды және әділетті тұрғын үй нарығы — болашақта барлық тараптарға тиімді. Халықтың баспанаға қолжетімділігін арттыру үшін ендігі кезекте мемлекет тарапынан табысы орташа азаматтарға арналған тиімді ипотекалық құралдарды дамыту өзекті болмақ.

Қорыта айтқанда, мұндай шаралар — қоғам үшін маңызды кезеңдердің бірі. Соңғы жылдары тұрғын үйге сұраныс артып, әртүрлі ипотекалық бағдарламалар ұсынылғанымен, тұрғындардың құқықтары мен қауіпсіздігі көлеңкеде қалып қойғандай еді. Сондықтан компаниялар мен делдалдардың заң талаптарына сай қызмет атқаруын қалағалау басты міндетке айналды. Ал бұл өз кезегінде тұрғын үй нарығының сенімді өрі ұзақмерзімді дамуына жол ашарды. Өйткені әр тараптың мүддесі ескерілгенде ғана халықтың баспанаға қол жеткізу мүмкіндігі артпақ.

БЕЛЕС

19 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен елімізге келген Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің мемлекеттік сапары екіжақты қатынастарды нығайту жолындағы маңызды қадам болды. Астана қаласында өткен «Орталық Азия – Қытай» екінші саммиті экономика, ғылым, мәдениет және басқа да маңызды салалардағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтерді. Қытай мен аймақтағы елдер арасындағы өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары, соның ішінде халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Айта кетейік, бұл форматтағы тарихи бірінші саммит 2023 жылғы 18-19 мамырда Қытайдың Сиань қаласында өткен болатын. Саммит барысында Қытай мен Орталық Азия елдерінің көшбасшылары алғаш рет бірлескен бетпе-бет кездесу өткізді. Саммит қорытындысы бойынша жан-жақты әріптестік пен серіктестікті тереңдетуге бағытталған «Сиань декларациясы» қабылданған еді.



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

ШЕКАРАСЫЗ ҒЫЛЫМ: ҚАЗҰУ мен ҚЫТАЙ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Бұл құжат тараптар арасындағы мықты серіктестікті әрі қарай тереңдетуге, сондай-ақ жерүсті спутниктік стансаны орнату мен бірлесіп дамытуға бағытталған. Жоба спутниктік деректерді ғылыми максаттарда қолдануға, атап айтқанда экологиялық мониторинг, табиғи ресурстарды басқару, ауыл шаруашылығы және ақылды инфрақұрылым салаларында тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге арналған.

Бұл бастамалар ғарыштық зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен технологиялық алмасуды кеңейтуге жол ашады. Сондай-ақ университет үшін үлкен жетістік саналып, ынтымақтастықтың дамуына тың серпін әкеледі.

ҚАЗҰУ мен ҚХР АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазір оқу орнымыз Қытай Халық Республикасының 65 университетімен серіктестік байланыс орнатқан. ҚазҰУ-да білім алып жатқан қытайлық студенттердің жалпы саны 1 440 адамды құрайды.

Алдыңғы қатарлы бірнеше жобаға басымдық берілген. Соның ішінде Солтүстік-батыс политехникалық университетімен филиал қызметін кеңейту және академиялық өзара әрекеттестікті нығайту бойынша жұмыстар бар. Микроспутниктер саласындағы ғылыми зерттеулер бойынша меморандумға да қол қойылды. ҚазҰУ жанындағы Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалы базасында 5G/5.5G технологиялары орталығы құрылды.

Ланьчжоу университетімен қос диплом бағдарламалары жүзеге асырылып жатыр. Пекин тіл және мәдениет университеті, Шанхай саясат және құқық университеті, Гонконг политехникалық университетімен академиялық ұтқырлық және оқытушылар мен студенттер алмасу дамып келеді. Пекин қаласындағы Қытай мұнай университетімен (Пекин) «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында Қытай – Қазақстан институты мен Энергетиканы дамыту қауымдастығын құру жобасы келісілді. Бұл жобалар Қазақстан мен Қытай арасындағы ғылыми-білім беру диалогін нығайтуға, сондай-ақ бірлескен даму жоспарларын кеңейтуге ықпал етеді.

2024 жылғы 26 қаңтарда ҚазҰУ Қытай Халық Республикасының аумағында алғаш рет ғылыми-инновациялық көрме өткізді. Іс-шараға 196 ректор және 600-ден астам жоғары оқу орнының өкілдері қатысты.

ҚазҰУ-да Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы жұмыс істейді. Орталық Қазақстанда өсетін өсімдік шикізаты негізінде биологиялық

белсенді қоспалар мен фитопрепараттарды әзірлеу және өндірумен айналысады. Халықаралық ынтымақтастық аясында орталық базасында Қазақстан – Қытай бірлескен дәрілік заттар зертханасы, Қазақстан – Қытай бірлескен табиғи ветеринарлық препараттар ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.

2024 жылғы 20 қарашада әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен Қытай және Германия серіктестерімен

Былтыр Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті аясында Астанада ШЫҰ қатысушы мемлекеттер университеттерінің халықаралық симпозиумын өткіздік. Екі жоғары оқу орны бірлесіп әзірлеген «ШЫҰ мемлекеттерінің жоғары білім саласындағы халықаралық ынтымақтастығы» атты кітабы жарық көрді. Саммиттен кейін университетімізге Сиань Цзяотун университетінің президенті Чжан Лицунь бастаған делегация келді. Профессор Чжан Лицунь әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері мен оқытушыларына көшбасшылық дәріс оқыды. Біз әрі қарай да Цзяотун университетімен серіктестікті дамытуға ниеттіміз. Университеттердің бірлескен бастамалары «Бір белдеу – бір жол» жаһандық бағдарламалары мен ШЫҰ қызметі аясында, соның ішінде жасанды интеллект, машина жасау, энергетика және гуманитарлық ғылымдар саласында кеңейіп келеді.

ҚАЗҰУ мен ОРТАЛЫҚ АЗИЯ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Орталық Азия елдерімен де халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытып келеді. Қазір көшбасшы университеттің Орталық Азия елдерінің жоғары оқу орындарымен 55 келісімі бар. Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Орталық Азия елдерімен де халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытып келеді. Қазір көшбасшы университеттің Орталық Азия елдерінің жоғары оқу орындарымен 55 келісімі бар. Әзербайжан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан және Өзбекстанда қос диплом беру бағдарламалары іске асырылып жатыр.

бірлесіп Халықаралық қолданбалы микробиология зертханасы өз қызметін бастады. Зертхана биология, агроөнеркәсіп және экология салаларында зерттеулер жүргізумен айналысады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Сиань Цзяотун университетімен академиялық және ғылыми бағыттарда тұрақты түрде ынтымақтастық орнатуға да айрықша мән беріп келеді. 2024 жылдың мамырында студенттерді, магистранттар мен докторанттарды қамтитын академиялық алмасу туралы келісімге қол қойылды.

және Өзбекстанда қос диплом беру бағдарламалары іске асырылып жатыр.

ҚазҰУ-да ТҮРКСОЙ кафедрасы мен мәдени орталығы жұмыс істейді. Орталық түркі халықтарын жақындастырып, мәдени-гуманитарлық және ғылыми-техникалық интеграцияны тереңдетуге ықпал етеді.

Халықаралық ынтымақтастық аясында университетте шетелдік профессорлардың дәрістері тұрақты ұйымдастырылады. Үндістан, Жапония, Өзбекстан және Тәжікстаннан келген ғалымдар Орталық Азия елдерінің тарихы, мә-

дениеті және қазіргі даму мәселелеріне арналған зерттеулерінің нәтижелерін ұсынды. Дәрістер студенттер, оқытушылар және зерттеушілер арасында үлкен қызығушылық тудырып, елдер арасындағы ғылыми байланыстарды нығайтуға және академиялық диалогты дамытуға септігін тигізді.

2024 жылғы ҚазҰУ-да Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер орнатылды. 2024 жылғы наурызда ҚазҰУ мен Қытай Ғылым академиясының бірлесуімен Қытай – Қазақстан қашықтықтан зондау зертханасы ашылды. Бұл зертхана Орталық Азияның экологиялық мәселелерін спутниктік талдау арқылы зерттеумен айналысады.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГЕТИКА БОЙЫНША ЖАҢА КЕЛІСІМ

«Орталық Азия – Қытай» II саммиті аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Қытай және Орталық Азия ғылым академияларының қатысуымен II халықаралық академиктер форумы өтті. Жетекші ғалымдар мен сарапшылардың басын қосқан шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы және Қытайдың Сиань Цзяотун университеті ұйымдастырды. Алқалы жиын ғылыми білім алмасу, ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін талқылау және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мақсатын көздеді.

II халықаралық академиктер форумында ҚР Президенті жанындағы ҚР ҰҒА академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Динара Щеглова, Сиань университетінің вице-президенті Би Чжаохун, Қырғыз Республикасының Ұлттық ғылым академиясының президенті Қанатбек Абдрахматов және Тәжікстан Ғылым академиясының вице-президенті Саидмукум Ибадов сөз сөйлеп, жасыл энергетика саласындағы өзекті тақырыптарды ортаға салды.

Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық ғылым академиясы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қытай Халық Республикасының Сиань Цзяотун университеті, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы, Қырғызстан Халықаралық университеті және Өзбекстанның Самарканд мемлекеттік

университеті сияқты жетекші ғылыми-білім беру ұйымдарының өкілдері жасыл энергетика саласындағы ынтымақтастық туралы Алматы хартиясына қол қойды. Бұл құжат халықаралық серіктестікті дамыту мен Орталық Азия аймағы мен одан тыс жерлерде экологиялық таза энергетикалық технологияларды енгізуді үйлестіреді.

Форум жұмысында бірнеше негізгі міндет алға қойылды: жасыл энергетика саласындағы серіктестікті тереңдету, «Жасыл Жібек жолы» тұжырымдамасын тәжірибеде іске асыру, озық технологиялар мен үздік тәжірибелерді бөлісу, сондай-ақ елдер арасындағы тұрақты өндірістік байланыстарды дамыту. Сонымен қатар форум климаттың өзгеруі, шөлейттену, халық санының өсуі және кедейлікпен күрес сияқты қазіргі заманғын жаһандық мәселелеріне қарсы күш біріктіруге бағытталды. Бұл түйткілерді шешу тек ғылым, білім және инновациялар арқылы мүмкін болмақ.

Форум қатысушылары жасыл энергетикаға және тұрақты дамуға жедел өтуге ықпал ететін нақты жобалар мен бастамаларды ұсынды. Біз осындай ғылыми басқосулар ынтымақтастығымызға жана серпін беріп, бүкіл аймаққа он әсерін тигізетініне сенімдіміз.

ӘЛЕУМЕТ

19 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ӨЗЕКТІ

ҰЯЛМАҒАН ҮЙ АЛАДЫ

Күн сайын ажырасуға қатысты кемі бір ақпарат оқимыз. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жаңалықтарға сенсек, Қазақстанда әрбір екінші неке ажырасуға ұласады екен. Тіпті, баспаналы болу үшін өтірік ажырасатын отбасылар да көбейіп кетіпті. Бұл бәркімізді аспанға лақтырып қуанатын жағдай емес. Біз мәселені зерттеп, анық-қанығына үңіліп көрдік.

Көктем ҚАРҚЫН

СЕНИМСІЗ СТАТИСТИКА СИНДРОМЫ

Соңғы уақытта «Қазақстан ажырасу көрсеткіші бойынша әлемде екінші орында тұр» деген ақпарат барлық БАҚ-та айтылды. Бұл тек казактілді аудиторияда талқыланып қоймай, орыс тілді БАҚ-та осы мәселені жарыса жазуда. Барлығының сүйенгені «Қазақстанда ажырасу көрсеткіші 2024 жылдың басында 1000 адамға шаққанда 4,6-ны құрады» деген worldpopulationreview.com сайтының

қайдан шықты? Ол үшін шағын фактчек жасап көрейік. Бірнеше сайтты ақтарғаннан соң барлығы worldpopulationreview.com деген ресурсқа сілтеме жасайтынын байқаймыз. Бірақ бұл еш ресми ұйым емес, жай статистикалық агрегатор екен. Олар 2023 жылғы ажырасу бойынша жарияланымда Казакстанды екінші орынға қойған және ақпарат көзі ретінде Біріккен ұлттар ұйымына сілтеме жасаған, — дейді әлеуметтанушы Серік Бейсенбаев.

Осылайша, әлеуметтанушы ерінбей БҰҰ сайтына барып, әлеуметтік статистика бөлімінен ажырасуға қатысты жинақты жүктейді. Ішін ашса, Казакстан бойынша соңғы статистика 2021 жылға берілген жә-

наған — мың адамға шаққанда 3,23 ажырасу. Бірақ 2020 жылдан бері төмендеу байқалады, 2022 жылғы ресми дерек бойынша бұл коэффициент 2,27 құраған, — дейді әлеуметтанушы.

Серік Бейсенбаевтың айтуынша, соңғы жылдары ажырасу тақырыбына қоғам назары ерекше ауды. Бұл күн тәртібінде отбасы, бала тәрбиесі мәселелерінің алдыға шығуымен байланысты. Урбанизацияға, жаһандануға байланысты қоғамдағы құндылықтар өзгеріп келеді. Соның нәтижесінде бұрынғы әлеуметтік нормалар ауыса бастаған. Яғни неке, отбасы адамдар үшін басты құндылық емес, екінші орынға ауысып жатыр. Әсіресе, қалалы жерде бұл көріністі байқауға болады. Кез келген қоғамда әлеуметтік нормалардың өзгеруі қайшылық туғызады. Сондықтан да қоғамда ажырасуға деген қызығушылық басым.

— Екінші мәселе, ол ақпараттық сауаттылық, фактчекинг мәдениетінің төмен болуы. Адамдар бірінші көрген ақпаратына сене салады да, оны шындық екен деп әрі



ми хабарлады. Бюро мақала авторларына әлемдік ресурста қате берілген деректер бойынша хат жолдады. Сондай-ақ ресми дереккөздерге сілтеме жасауды және таратылатын деректерді алдын ала тексеріп отыруды ескертті. Бірақ біздің БАҚ ресми статистиканы емес, рейтинг үшін жалған ақпарат таратуды тоқтатар емес.

ИПОТЕКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАҒА ӨЗГЕРІС КЕРЕК

Нақты дереккөздерге сүйенсек, Қазақстан ажырасу саны бойынша әлемде 114 елдің ішінде 15-орында тұр. Ал ажырасу статистикасының бұрмалануына әсер етіп жатқан тағы бір жағдай — үй алу үшін өтірік ажырасатын отбасылардың көптігі. Себебі елімізде үй алатын барлық ипотекалық бағдарламада «отбасы мүшелерінің атында жылжымалы мүлік болмауы керек» деген қатып қалған қағида бар. Былтыр Астана қаласындағы орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте «Отбасы банк» АҚ төрайымы Ләззат Ибрагимова толық емес отбасыларға берілетін ипотеканың шарттары неге өзгергенін түсіндірді. «Бақсам, бақа екен» демекші, адам баласынан қулық артылған ба, баспана кезегіне тұру үшін ажырасуға баратындар көбейіпті.

— Біз қарыз берудің үш жылдық қорытындысына талдау жасадық және кейінгі төрт жылда «толық емес отбасы» санатының аса жоғары қарқынмен өсіп келе жатқанын көрдік. Өкінішке қарай, Қазақстанда отбасы құндылықтарының дамып жатқанына қарамастан, 2017 жылы 54 626 ажырасу тіркелген. 2018 жылы олардың саны 54 797-ге дейін өсіп, 2019 жылы 59 796-ға жетті. Ажырасуға өтініш беру COVID-19 пандемиясы кезінде қиынырақ болып, ажырасу саны 48 мыңға дейін қысқарды. 2021 жылы бұл сан қайтадан өсіп, 48 239-ға жетті, — делі Ләззат Ибрагимова.

Оның пайымдауынша, баспана кезегіне тұру үшін жалған ажырасуға баратындар саны көбейген. Осыны ескерген Үкімет арнайы қаулы қабылдап отыр.

— «Толық емес отбасы» бағыты бойынша ажырасу туралы күәлік өткізгендер көп. Соған байланысты Үкімет қаулысы аясында «толық емес отбасылар» санатын «Шанырақ — 5-10-10» жобасына ауыстыру ұсынысы қолдау тапты. Мұндағы айырмашылық сыйақы мөлшерлемесіне қатысты. Әр отбасы деңгейінде айырмашылық ша-

мамен 30 мың теңгедей болатын шығар, — делі «Отбасы банк» АҚ төрайымы.

Экономист Айбар Олжай ипотекалық бағдарламаларға мораторий жарияламаса, бұл қитұрқылықтың алдын алу мүмкін емес-тігін айтты. Себебі бұл мәселе бұрын да болған, қазір де бар. Ажырасудың негізгі статистикасын арттырып отырған осындай схемалар. Тұрғын үй нарығындағы «Отбасы мүшелерінің атында үй болмауы керек» деген шарт отбасының ажырасуына әкелуде.

— Бұл мәселені шешу үшін мораторий жариялауға болады. Соңғы 5 жылда ажыраспаған адам ғана Отбасы банктің, мемлекеттің ипотекалық бағдарламасына қатысса. Ал таяуда ғана ажырасқан адамдардың бағдарламаға қатысуына шектеу қоюға болады. Яғни, 3-5 жыл аралығында «суыту мерзімі» белгілеуіміз керек, — дейді экономист.

Былтыр қалың көрермен назарына қазақстандық «Ұялам, но үй алам» деген кино ұсынылды. Сюжет желісі бойынша, Айжан мен Сырым — Алматыда пәтер жалдап тұратын көпбалалы ерлі-зайыпты. Баспанасыз жүру мен тұрмыстық қысым Айжанды шаршатады. Ол үй алуды армандайды. Айжан үкімет тарапынан берілетін жеңілдікпен баспана алу бағдарламасына қатысу үшін, күйеуі Сырымды заң жүзінде ажырасуға көндіреді. Сырым бұл идеяға қарсы болса да, әйелі үшін келіседі. Олар заң жүзінде ажырасып, мемлекетке «жалғызбасты ана» ретінде тіркеледі. Осылайша, үй алу кезегіне тұрады. Бірақ бәрін жасырып жүру оңай болмайды. Кино шынайы оқиғаға негізделгендіктен аудитория күле отырып, жылады. Себебі әр адамның айналасында осындай оқиға болып жатыр.

— Екіншісі бірі үй алу үшін ажырасып жатпаса да, бұл мәселе қоғамдағы бар құбылыс. Үй алғысы келіп, құжат жасап, өтірік ажырасқандар болды. Олар өз-өздерін алдайды. Үкіметті алдайды. Өтіріктің құйрығы бір тұтам. Біз кинода мұны әдемі әзілмен жеткізе алдық деп ойлаймын. Киноның астарында отбасылық құндылықтарды бейгеге тігіп, ойыншық қылуға болмайды деген мағына жатыр, — дейді киноның продюсері, сценарий авторы Акболат Өтебай.

Бір арманға жету үшін, бүкіл елдің атына кара жағудың каншалықты дұрыс немесе бұрыс екенін уақыт көрсетер. Дегенмен біз Қазақстанның ажырасу саны бойынша әлемде көш бастамайтынын, статистикаға да күмәнмен қарау қажеттігін естен шығармауымыз керек.



зерттеуі. Біздің назарымызды аударған — осы статистиканың жыл сайын өзгермей жүргені. Google-дан іздесеңіз, 2022-2023-жылдары да Қазақстан 4,6 деген көрсеткішпен Мальдивтан кейін екінші орында тұр. Сонда бұл сан өзгермей ме? Әлде, біздің БАҚ фактчекинг жасауға еріне ме?

— Бұл ақпарат әлеуметтік желіде кенінен вирусталып, әжептәуір резонанс тудырғаны да белгілі. Бірақ бір қарағанның ақ осы көрсеткіш маған күдікті көрінді, себебі ресми статистика бойынша бізде ажырасу коэффициенті ешқашан 3-тен асқан емес. Ал жоғарыдағы 4,6 деген сан

не ажырасу коэффициенті 2,5 деп тұр. Ал бұл — біздегі ресми көрсеткіш. Ендеше жоғарыдағы ресурс қате дерек берген болып тұр. Бір қызығы, олардың фейк ақпаратын, тіпті біздегі үкіметке қарасты Экономикалық зерттеулер институтының өзі көшіріп алып, мақала қып шығарыпты. Сонда өздеріне қарасты Ұлттық статистика бюросы беретін деректермен салыстырмағаны қызық.

— Сонымен біз ажырасу жағынан әлемдегі лидерлерге жатпаймыз. Тіпті, Уикипедияның өзінде дәлірек ақпарат берілген. Ресми дерек бойынша ажырасу коэффициентінің рекорды 2019 жылы ор-

қарай тарата береді. Жаңалықтың рас-өтірігін тексеру дағдысы жетіспейді. Бұл ажырасудың жалған статистикасының БАҚ беттерінде қайта-қайта жариялануына әкеледі. Оған тойтарыс беретін бірлі жарым сарапшылар бар. Бірақ олардың жарияланымдары көп таралмайды. Сондықтан бұл мәселе — мемлекеттік БАҚ-тың назарында болатын жауапкершілік. Өйткені олардың аудиториясы үлкен, — дейді әлеуметтанушы.

Былтыр Ұлттық статистика бюросы «Ажырасу бойынша Қазақстанның әлемде екінші орында тұрғаны туралы ақпарат шындыққа жанаспайды» деп рес-

ТҮЙТКІЛ

Отбасы — жай ғана заңды келісім емес, адамның рухани тірегі, ұрпақ тәрбиесінің алтын ұясы. Алайда бүгінде бұл қасиетті ұғым жиі дағдарысқа ұшырап отыр: некенің цифрлы түрде оңай рәсімделуі, ажырасу процесінің жеңілдеуі мен әлеуметтік желілердегі ажырасуды қалыпты ету үрдісі ерлі-зайыптылар арасындағы жауапкершілікті әлсіретуде. Осы орайда, елімізде отбасын сақтап қалуға бағытталған қандай құқықтық, психологиялық және мәдени шаралар бар?

Айдана НҰРМҰХАН

БАТЫРМА БАСЫП — БАҚ АЙЫРМА

Неке мен ажырасу барысының құқықтық шеңбері еліміздің «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексімен реттеледі. Осы құжатқа сәйкес, жұбайлар ортақ келісіммен немесе бір тараптың бастамасымен некесін бұза алады. Заңмен белгіленген белгілі бір шектеулер ескерілуге тиіс: әйелдің жүкті кезінде немесе баласы бір жасқа толмағанша ажырасуға рұқсат берілмейді. Ажырасу барысы АХАЖ бөлімдері, сот немесе электронды үкімет порталы арқылы үш түрлі жолмен рәсімделеді. Әр жолдың өз шарты, өз реті бар. Ерлі-зайыптының ортақ кәәмелетке толмаған балалары болса, бір тарап ажырасуға қарсы болса, жұбайлардың бірі ажырасудан жалтарса немесе байланысқа шықпаса, сондай-ақ мүлтік немесе өзге де талаптар болған жағдайда тек сот арқылы ажыраса алады. Ал жұбайлардың ортақ кәәмелетке толмаған балалары болмаса

НИЕТТЕН БАСТАЛҒАН НЕКЕ ЗАҢМЕН БҰЗЫЛМАЙДЫ



Ешар КАБА (Коллаж)

және екі жак та ажырасуға келіссе, АХАЖ бөлімшесіне жүгінуге болады. Сондай-ақ егер жұбайлардың бірі хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз немесе үш жылдан артық мерзімге бас бостандығынан айырылған болса, онда екінші жұбайы АХАЖ арқылы некені тоқтата алады. Осы шарттар сақталған жағдайда онлайн форматта — электронды үкімет порталы арқылы да ажырасуға өтініш бере алады. Мамандардың айтуынша, қазір цифрлық рәсімнің оңай болғаны кей адамдарға отбасын «бір батырмамен» бұзуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл шешімнің артында күйзеліс, психологиялық ауыртпалық, балаға әсер ететін терең салдар жатқанын көпшілік елемей отыр.

«Бұрын неке — бүкіл әулеттің қатысуымен жасалатын маңызды қадам еді. Қазір жастар ешкіммен ақылдаспай, бір сәттік шешіммен үйленіп, кейін дәл сондай оңай

шешіммен ажырасып кетіп жатыр. Некеге тұруға онлайн өтінім беріп, құжатын ресімдей салады. Бағайдай туған-туысты жинап, неке кию салтанатын жасауды бос шығын дейді. Ал жамағаттың алдына некеге уәделесу бөлек жауапкершілік жүктейді», — дейді медиатор Айнұр Ізбасар.

ТАТУЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫ — ТҮСІНІКТЕ

Ажырасу — жеке өмірдің мәселесі ғана емес, қоғамдық құндылықтардың, мәдениеттің, тіпті ұлттық болмыстың көрсеткіші. Соңғы жылдары әлеуметтік желілер мен масс-медиа ажырасуды «трендке» айналыдырып бара жатқандай. Бұл тенденцияға қарсы тұру үшін мемлекет тарапынан және қоғамдық ұйымдар арқылы бірқатар шара қолға алынған. «Бақытты отбасы», «Отбасым — тірегім» секілді бағдарламалар аясында кеңес беру, тренингтер өткізу,

тегін психологиялық көмек көрсетіледі. Әсіресе, жастармен жұмыс маңызды. Себебі отбасы құндылықтары сол кезеңде қалыптасады.

Ажырасудың алдын алуға бағытталған маңызды бастаманың бірі — 2018 жылдан бері елімізде жүзеге асып келе жатқан «Отбасылық сот» пилоттық жобасы. Бұл жоба дәстүрлі сот тәжірибесінен ерекшеленеді. Мұнда тек судья емес, кәсіби медиаторлар мен психологтер жұмыс істейді. Астананың өзінде 2022 жылы 200-ден астам отбасы ажырасудан бас тартқан. 2023 жылы Алматыда қаралған 500-ге жуық ажырасу ісінің 150-і татуласумен аяқталған.

«Бұл — соттың репрессивті емес, медиативті тетік ретінде қолданылуының айқын дәлелі. Соттарға қарасты «татуласу кабинеттерінде» ерлі-зайыптылармен психологиялық кеңес беру, медиативтік келіссөздер жүргізіледі. Судьялар отбасындағы даудың тек заң емес, эмоция, психология жағын ескеріп шешуге тырысады. Ажырасуға өтініш берген жұптармен жеке-жеке және бірге жұмыс жүргізіледі. Бұл әдіс өзара түсіністікке әрі отбасын сақтап қалуға нақты мүмкіндік береді. Жоба бүгінде басқа өңірлерде де кезек-кезеңімен енгізіліп жатыр. Отбасыны сақтау тек заңмен емес, сана мен сезімнің үйлесімімен жүзеге асады. Бұл ретте ме-

туға бағытталған. Бұл соттағы жағдайды ғана емес, отбасын құруға дайындық мәдениетін де қалыптастырады», — дейді жоба үйлестіруші Жанаргүл Алпысбаева.

Мешіттер мен шіркеулер де бұл процеске араласа бастады. Уағыздарда отбасылық жауапкершілік, сабыр, кешірім жайлы жиі айтылып жүр. Бұл — рухани қолдаудың маңызына мән берудің белгісі. Психологтер де отбасылық терапияны кенінен ұсынууда. Психология ғылымдарының докторы Фатима Сағынбайқызының айтуынша, қоғамда біртіндеп психологиялық сауаттылық артып келеді. Бұл — мәдени өзгерістің көрінісі.

«Отбасы дағдарысының түп-төркіні — тыңдай алмау, эмоцияны жеткізе білмеу, өткен жараның емделмей қалуы. Психологке бару — әлсіздік емес, керісінше, рухани жетілудің бір жолы. Адам өз ішкі әлемін түсінбей, өзгені түсіне алмайды. Соңғы жылдары жеке терапия, топтық кеңестер, ерлі-зайыптыларға арналған тренингтер көбейіп келеді. Бұл үрдіс — отбасылық мәдениетті жаңғыртуға жасалған қадам. Ажырасу — тек екі адамның емес, бүтін бір ұрпақтың тағдырына әсер ететін шешім. Бұл шешімге апаратын жол кейде заңды, кейде эмоциялық, кейде цифрлық құрал арқылы жүзеге асады. Бірақ қай жолмен болсын, оның түбі — адам болмы-

Мешіттер мен шіркеулер де бұл процеске араласа бастады. Уағыздарда отбасылық жауапкершілік, сабыр, кешірім жайлы жиі айтылып жүр. Бұл — рухани қолдаудың маңызына мән берудің белгісі.

Бүгінде заң күшейтумен ғана емес, мәдениет қалыптастыру арқылы ғана ажырасу көрсеткішін төмендетуге аламыз. Отбасын сақтау — мемлекеттік институттардың ғана емес, әрбір азаматтың саналы әрекетіне байланысты. Заң — шеңбер, ал сезім мен жауапкершілік — мазмұн. Осы екеуі үйлесім тапқанда ғана отбасы — шынайы құндылыққа айналады.

АЙМАҚ

19 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ДАМУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев туризм саласын қарқынды дамытуға тапсырма бергені белгілі. Президент: «Қазақстанда туризмнің барлық түрін дамытуға мол мүмкіндік бар, экологиялық туризмнен бастап бизнес туризміне дейін дамытуға болады», – деп нақты айқындады. Осы орайда Жамбыл облысында туризмнің түтіні тік ұшып, жүйелі жобалар жүзеге асуда. Оны бүгінде бұқара көріп, ризалығын білдіріп жатыр.

ТУРИЗМГЕ ЖАН БІТТІ



Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Қазір Жамбыл облысының туризм саласында жалпы құны 17,6 млрд теңгені құрайтын 25 инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл бастамалар 350 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді.

Биыл туристердің сұранысына толық сай келетін, заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған 3 демалыс аймағын іске қосу жоспарлануда. Соның бірі – Тараз қаласындағы «Тектұрмас» этнотарихи кешенінде орналасқан «Көне камал» қорғаны салтанатты түрде ашылды.

Шараға Тараз қаласының әкімі Бакытжан Орынбеков, ардагерлер, зиялы қауым өкілдері мен шаһар тұрғындары қатысты.

Мәдени кеште өңірмізге танымал акындар арнау жырларын тарту етсе, А.Токпанов атындағы облыстық қазақ драма театрының әртістері тарихтан сыр шертетін «Айша бибі мен Қарахан» қойылымын сахналады.

Сонымен қатар қала көлөнершілері мен зергерлерінің бұйымдары қойылған көрме қонақтар назарына ұсынылды.

«Көне камал» – «Тектұрмас» этнотарихи кешенінің жалғасы. Оның оң жақ қабырғасы жасанды тастармен көмкеріліп, ұзындығы 220 метр болатын қорғаммен қоршалған. Мұнда ортағасырлық қорғандар мен дуалдардың көріністері көркем бейнеленген. Алдағы уақытта бұл нысан аумағында түрлі



сак, Жуалы ауданындағы «Көксай Resort» демалыс орталығына баратын автожолдың құрылысы (19,5 шақырым) шілде айына дейін толық аяқталады деп жоспарланған.

Ал Жамбыл ауданындағы «Таскөл» туристік нысанына дейінгі 2,8 шақырым жол төселіп бітті. Қазір жол жиегін абаттандырып және ретке келтіріп жатыр.

Сондай-ақ «Алмалы» демалыс орнына апаратын 12,5 шақырым жол салу көзделген. Бүгінге күнге дейін 7,5 шақырымы төселіп, абаттандыру жұмыстары атқарылды. Қалған 5 шақырым жол құрылысын маусым айына дейін аяқтау жоспарланып отыр. Сонымен бірге 2 демалыс орталығына газ құбырын жүргізу (40,3 шақырым) межеленген.

Шетелдік және отандық туристерге өңір туралы толық ақпарат ұсынатын бірегей ақпараттық терминалдар халық көп жиналатын нысандарға – «Март» пен Fіrkan сауда орталықтарына, «Әулие Ата» әуежайына және «Тараз» теміржол вокзалына орнатылды. Бұл терминалдар қонақүйлер, тамақтану орындары, көлік қызметтері, көрікті жерлер мен туристік маршруттар туралы толық мәліметті «бір терезе» қағидаты бойынша ұсынады.

Міне, осылайша Әулиеата жерінде, Тараз төрінде туризм саласы тоты құстай түрленіп, туристердің лек-легімен ағылуына жол ашуда. Бұл сөз жоқ, өңір туризмін дамытып қана қоймай, облыс экономикасын еселеп өсіретіні анық. Ал одан әлеуметтің әлеуеті артатыны тағы айқын.

ДОДА

СЫР СПОРТЫ САҢЛАҚТАРЫМЕН МАҚТАНАДЫ

Бір жылдары Сыр спортының саңлақтары елімізден өзге, әлемдік арена-ларда жасындай жарқыраған болатын. Оның ішінде Илья Ильин бастаған сайыпқырандар олимпиада мен әлемдік басты додаларда топ жарып, Қазақстанның Туын көкте желбіреткені көптің жадынан өше қойған жоқ.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Соңғы жылдары Сырдың спорт саласында серпін бар. Бұл тұрғыда алдымен аймақтың спорт саласын қолдау мақсатында жергілікті әкімдік пен тиісті басқарма тарапынан атқарылып жатқан қыруар шаруаларды жөкке шығаруға болмас. Мемлекет басшысы мен Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында өңірдегі спорттық инфрақұрылымды дамыту жұмыстары көпшіліктің қолдауына ие.

«Жыл басынан бері облыс орталықтары мен аудандарда 10-ға жуық заманауи үлгідегі спорт кешені халық игілігіне табысталды. Сонымен қатар 2024 жылы заманауи үлгідегі Үстел теннисі орталығы салынып, спортсүйер қауымның игілігіне берілді. Жалпы, бүгінде облыста 17 мыңға жуық адам теннисті жанына серік етіп, тұрақты түрде айналысады. Осыған байланысты Қызылорда қаласының сол жағалауында Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды қолдау қорымен бірлескен түрде жаңа «Үстел теннисі» орталығы ашылды. Жаңа спорт нысанында 16 үстел теннисі орналасқан ойын алаңы, жаттығу залы мен әкімшілік бөлмелер бар. Орталықта қазір 5 оқытушы-жаттықтырушы 250-ге жуық спортшының кәсіби бағытта үйретуде», – дейді Қызылорда облыстық Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы басшысының орынбасары Жігер Айкешов.

Сыр спорты өркендетуде өңірдің спорттық инфрақұрылымын дамыту бағытындағы тағы бір байыпты бастама – Қызылорда қаласының сол жағалауынан 11 мың орындық жаңа стадионның құрылысы қарқын алды.

Стадион демекші, аталмыш нысанның құрылысы бірнеше жыл бойы жырға айналған болатын. Бірақ көптің сеніміне



селкеу түсірген стадион құрылысына бытыр нүкте қойылды. Нақтысын айтқанда, бытыр облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен құны 20,9 млрд теңгені құрайтын халықаралық стандарттарға сай келетін жаңа стадионның іргесі қаланды. Осы орайда айта кеткен абзал, жаңа стадионда жасыл аланнан бөлек, бірнеше спорт түріне арналған залдар қарастырылған. Соның ішінде бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, таэквондо және фитнес залдары бар. Биыл ел игілігіне пайдалануға беру жоспарланып отырған стадион УЭФА классификациясы бойынша III санатты.

«Сол сияқты «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен Қызылорда облысы әкімдігінің арасындағы екіжақты меморандумға сәйкес Қызылорда қаласының сол жағалауынан жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы қарқын алды. Бұл ғимараттың ерекшелігі сол, мүгедектігі бар жандардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай туғызды деп күтілуде. Бұдан бөлек, облыс орталығында құны 21 млрд теңгені құрайтын Kyzylorda Arena кешенінің құрылысы жүргізілуде», – деп ойын жалғады басқарма басшысының орынбасары.

Жалпы басқарманың мәліметіне сәйкес, бүгінде Қызылорда облысында 1 490 спорт нысаны бар. Осының негізінде өңірдегі 1000 адамға шаққандағы спорттық нысандарымен қамтылуы 46,2 пайызды құрайды екен. Мамандар салаға жасалған қолдаудың арқасында өңірде бұқаралық спортпен айналысушылар қатары артып келе жатқанын алға тартады. Нақты айтқанда, биылдың өзінде облыста 342 223 адам спортпен жүйелі түрде шұғылданып, сәйкесінше, бұл көрсеткіш аймақ халқының 40,4 пайызын қамтып отыр.

Қазір өңірдің 22 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі спорттың 46 түрі бойынша жұмыс істейді екен. Онда 670 жаттықтырушы-оқытушы 22 655 спортшыны тұрақты оқу-жаттығу процесімен қамтамасыз етуде. Соңғы уақытта Сыр спорты дамыту аясындағы нәтижелі жұмыстардың арқасында өңір спортшылары Әлем кубогынан 2 алтын, Азия чемпионатынан 1 күміс, медаль жеңіп алса, ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 67 алтын, 27 күміс, 34 қолаға қол жеткізген.

Қалай дегенде де, Сыр спортында жетістік көп. Әсіресе, болашағынан зор үміт күттіретін жас спортшыларымыздың аяқ алысы қуантады.

Құжаттарды скринингке жіберу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ «Астана қаласының 2035 жылға дейінгі бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» (бұдан әрі – Бас жоспар) жобасы бойынша стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) рәсімінің бірінші сатысы аясында уәкілетті органға скрининг жүргізу үшін құжаттар пакетін жібергенін хабарлайды.

Ұсынылған материалдар құрамына мыналар кіреді:

«Астана қаласының 2035 жылға дейінгі Бас жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобасы, оның ішінде негізгі бағыттар мен іске асыру мерзімдері туралы ақпарат;

Бас жоспарды іске асыру жоспарланып отырған аумақтың сипаттамасы; Қоршаған ортаға, адамның өмірі мен (немесе) денсаулығына Бас жоспарды іске асыру кезінде ықтимал әсердің жалпы сипаттамасы.

Скринингтің мақсаты – Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 53-бабына сәйкес толық стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) жүргізу қажеттілігін айқындау.

Бас жоспардың іске асыру мерзімі: 2026 - 2035 жылдар. Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау мерзімі: газетте жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде.

СЭБ әзірлеуге жауапты орган: Астана қаласының әкімдігі СЭБ тапсырыс берушісі: «Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ

СЭБ әзірлеушісі: «Зеленый мост» ЖШС

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Жұртшылықты (азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі сұрақтар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

Бас жоспарға түзетулер енгізу жобасын іске асыру қоршаған ортаға елеулі әсер етуі мүмкін бе, егер иә болса, бұл қандай әсерлер және нәтижелерді сіз оларды елеулі деп санайсыз?

Бас жоспарға түзетулерді бекіткенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай ықпалдарды зерттеу қажет деп есептейсіз және неге?

Бас жоспарға түзетулер енгізудің ықтимал әсеріне қатысты басқа да ескертулеріңіз немесе ұсыныстарыңыз бар ма?

Ескертулер мен ұсыныстарды жолдау үшін байланыс ақпараты: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8, Экологиялық саясат департаменті Тел.: 8 (7172) 74-02-83

E-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, balzhan_sea@yandex.kz

ЭТРМ кеңесі: Тел.: +7 (7172) 74-08-44

E-mail: k.kense@ecogeo.gov.kz

СЭБ (скрининг) материалдары орналастырылған: ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында («Қызмет» бөлімі - «Herгізгі құжаттар» - «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Әзірлеуші мемлекеттік органның интернет-ресурсында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/astana-saulet/documents/details/847375?lang=ru>

сындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

7. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;

8. Әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;

9. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжатты талап етіледі.

Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

10. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражаттың төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан ХалықБанкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203 кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 26.06.2025ж. (12:00), 201 кабинет.



Әнуар БЕКТАС,
актер:

ЖҮЙЕЛІ АЙТЫЛҒАН

СЫНДЫ

ҚАБЫЛДАЙ АЛАМЫН

Әлемдік әдебиеттің ең ұлы тұлғаларының бірі Л.Толстой «Өнер дегеніміз – адамның бойындағы қабілеттің ең биік көрінісі» дейді. Шынымен де, өнер адамының ойы да ерекше, шабыт пен сезімге, ішкі толғаныс пен қиялға негізделген. Олар табиғаттан сұлулық, айналадан әдемілікті де бірінші көреді. Біз Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актері Әнуар Бектаспен сұхбаттастық. Жас талант Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді» спектаклінде Жеңісханның, Роза Мұқанованың «Бопай ханымында» Шыңғыстың, Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпанында» Жарастың рөлін жоғары деңгейде сомдап, көрерменнің көзайымына айналып жүр.

— Өнерге деген құштарлық қашан пайда болды, бала кезіңізде актер боламын деп ойладыңыз ба?
— Әр адам маңдайына жазылғанын көреді. Менің өнерге келуім де солай шығар. Әкем мен анам басқа мамандық иелері болса да, ауылдағы концерттерде домбырамен екі дауыста ән айтатын. Туған ағам Ақылбек Бектасов — Құрманғазы оркестрінде күйші, ал әпкем бимен айналысқан. Сондай отбасыда туған менің де құлағыма қазақтың әні мен күйі сіңіп өсті. Ал нағыз актер болсам деген ой, қызығушылық, 6-сыныпта мектебіміз Оралдағы драма театрға аппаратанда пайда болды. Басқа сыныптастарым шулап, орындарын ауыстырып, көрмей отырғанда, мен шымдылық жабылғанша міз бақпай қатып қалыппын. «Бұл не? Қалай адамдар басқа бір тағдырды сахнада көрсетеді?» деген сұрақтар мазалады. Кейін облыстық, республикалық поэзия оқуларына қатыстым. Өнер академиясына оқуға түсемін деп бекінгенде театрда (Х.Бөкеева драма театры) тегін жұмыс істеп тәжірибе жинап жүрдім. Жалпы, бұл салаға келуіме қай баспалдақта болмасын, жақсы адамдар көмек беріп септігін тигізіп, себепші болып отырды. Сол кісілердің барлығына алғысымды білдіремін. Ал әкем соңына дейін өзінің ізін қуып, менің физик-инженер болғанымды қалады.

ӘР КЕЙІПКЕРДІ ТЕРЕҢ ЗЕРТТЕЙМІН

— Ең алғашқы сахнадағы тәжірибенің есіңізде ме?
— Сахнадағы ең алғашқы тәжірибем мектеп қабырғасында басталған екен. 1-сынып. Наурыз мерекесіне орай анам екеуміз әжесімен немересі болып көрініс ойнадық. Сондағы қызығы «Әже» деп айтып келе жатып кей жерінде «Мама» деп қалады екем. Сосын «Ой, иә, Әже» десем көрермен дү күледі. Ал театрдағы ең алғашқы сахнаға шығуым Ер Төстік рөліне вводка түсумен басталды. Ввод — актер болмай қалғанда, сұранғанда орнына тез арады шығу. 3 күн дайындалып, ертегіге шықтым. Қобалжып не айтып не қойғанымды білмей шыққан едім.
— Бүгінде сіз Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актерісіз және «Ақ жауын», «Ұйқым келмейді», «Алтайдан ауған ел», «Бопай ханым», «Ер Төстік» сынды көптеген қойылымдарда ойнаған екенсіз. Өзіңізге ең жақын рөл қайсысы болды?
— Мен үшін әрбір спектакль — ең алдымен процесс. Процесс деген сөз менің ұғымымда өсу, өркендеу, жетілу деген мағынаны білдіреді. Әр спектакль жаңадан басталған ақ парақ сияқты. Жаңадан басталған қойылымда барлығын зерттеп, кез келген құбылысқа жаңадан қарайсың. Тіпті, бұған дейінгі тәжірибелеріңнің де көмегі тиімей қалуы мүмкін. Қызығымен, қиындығымен есте қалған спектакльдер бар. Мысалы, «Қарагөз» премьерасында Сырымның рөлі қиын болды. Себебі Әуезовтің тілін, сөз саптауын үйрену, қазақтың классикасын, кесек-кесек монологтарын игеру, сонымен қатар сахнада қазақтың көп актерлерінің арманына арналған рөлді сомдау онай емес. Асан деген кейіпкердің Сырымға қатысты «Өз ауылы тентек дегенмен, ол — сұлуудың албастысы» деген суреттеуі бар. Сондай маркаға, сондай үлкен спектакльге сай болу — үлкен жауапкершілік.
— Рөлге дайындалу процесіңіз қалай болады? Өз кейіпкеріңізді зерттейсіз бе?
— Әрине, әр кейіпкер терең зерттеуді талап етеді. Режиссер бізге рөлді бірден бермейді, яғни этюдтар арқылы әр актерді неше түрлі рөлге салып, содан кейін ғана тағайындайтын кездер болады. Сондай уақыттарда кейіпкердің түпкі мақсатын, ішкі толғанысын ғана емес, бұған дейін (сахнадағы көрсетіліп жатқан ситуацияға дейін) не болғанын драматург жазбай кеткен жағдайды да логикалық негіздерге сүйене отырып зерттейміз. Бұл мәселе режиссерге және актердің өзінің ішіндегі режиссерге байланысты.

АКТЕРДІ ӨСІРЕТІН ДЕ, ӨШІРЕТІН ДЕ РЕЖИССЕР

— Спектакльдің сәтті шығуы үшін режиссура мықты болуы керек пе? Әлде актерлік ойын ба?
— Менің ойымша, ең алдымен режиссер мықты болуы керек. Режиссер актердан 4-5 бас

жоғары тұрады. Ол мықты болса, өзінің соңынан актерлерді ерте алады. Режиссер актердің қойған кез келген сұрағына логикалық тұрғыдан да, басқа жағынан да актер қанағаттанатындай жауап бере алуы керек. Мүмкін қазір актерлік тұрғысынан аздап эгоизммен айтып тұрған шығармын, бірақ меніңше актерді өсіретін де, өшіретін де режиссер. Мысалы, кейбір қойылымдарда актерлік ойын жоғары деңгейде болғанымен, режиссура, тіпті драматургия болмауы мүмкін, ол жағдайда актерлерге обал болады. Әрине, мықты режиссерлер де бар. Жоғарыда айтқанымдай, ең бастысы — процесс. Мысалы, керемет актриса Шолпан Хаматованың бір сөзі бар: «Маған нәтиже маңызды емес, маған үдерістің өзі маңыздырақ. Мен жобаны басынан аяғына дейін дайындықпен өткізіп, оны премьерда басқа актер немесе актриса орындауы үшін бере аламын». Енді Шолпан Хаматованың қаншалықты олай істей алатынын білмеймін, бірақ мәселе солай ойлай алуында.

— Кәсіби жолыңызда сізге ең қиын тиген сын қандай болды? Жалпы, сынды қабылдай аласыз ба?
— Иә, негізгі сынды өте жақсы қабылдаймын. Әсіресе, жүйелі айтылған сын болса. Кейде өзіне



Мен үшін әрбір спектакль – ең алдымен процесс. Процесс деген сөз менің ұғымымда өсу, өркендеу, жетілу деген мағынаны білдіреді. Әр спектакль жаңадан басталған ақ парақ сияқты. Жаңадан басталған қойылымда барлығын зерттеп, кез келген құбылысқа жаңадан қарайсың.



не жетпей тұрғанын біліп тұрған кезде тура сол сын айтылса, әрине келісемін, түзеуге тырысамын. Барлығын тыңдаймын, бірақ керегін қабылдаймын. Сонымен қатар театрда жанапшыр адамдарым бар, сол кісілерді дайындыққа шақырамын. Мысалы, менің театрдағы ұстазым — Жасұлан Ерболат деген актер ағам. Ол кісінің ойы мен үшін өте маңызды. Сондай-ақ марқұм ұстазым жайлы айтпасқа болмас. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Оразхан Кенебаевтың «Әнуар, бұрынғыдай жұмыс істемей жүрген сияқтысың» деген бір ауыз сөзі мені екі есе жұмыс істеуге ынталандырды.
— Киноға қаншалықты жиі түссіз? Сценарий таңдайсыз ба?
— Жалпы, кино әлеміне жаңадан келіп жатырмын деп айтсам болады. Осы уақытқа дейін

— «Махаббатым сен» қойылымында Сәбиттің рөлін ойнадыңыз. Сәбит қойылым бойы сюжетке ерекше көңіл күй береді. Сізге бұл рөл қаншалықты жақын?
— Сәбит — шынымен де өте жарқын рөл. «Махаббатым сен» қойылымында ең ерекше рөл. Бұл жерде Тұрдыкылыш пен Нұрикамалдың және Ханбибінің тағдыры алдыңғы планда, ал Сәбит қосалқы рөл, дегенмен де өзіндік айтар ойы, алып жүретін жүгі бар. Негізінен, Сәбит менің болмысыма мүлде қарама-қарсы. Өйткені ол — пайымы, түсінігі басқаша, өнерге ешқандай қатысы жоқ еңбек адамы. Қойылымда Тұрдыкылышқа келіп: «Творчествоннан не пайда, не хайыр? Сен бәрібір Шәмші бола алмайсың. Сен Нұрғиса бола алмайсың» деген жері бар. Ол кісінің түсінігі сондай. Бірақ Сәбит антагонист емес, ешкімге артық арам ойы жоқ. Бірақ оның шындығын түсіну тұрғысынан айтқанда маған жақын кейіпкер емес.
— Қай режиссермен жұмыс істеу процесі көңіліңізден шықты?
— Осы уақытқа дейін көп режиссермен жұмыс істедім деп айта алмаймын. Бірақ өзіміздің театрдағы және Ресейден келген режиссерлермен жұмыс істеп көрдім. Әрине, бөліп-жарудан аулақпын, бірақ дегенмен де маған ұнайтын режиссер — материалға жан-жақты дайын келетін, идеясы бар, режиссерлік шешімдері бар мамандар. Актермен жұмыс істейтін режиссерлер кемде-кем, бірақ бар. Қай режиссермен жұмыс істеуде үлкен сабақ, үлкен тәжірибе. Мүмкін болашақта ойым өзгерер, бұл пікірлермен келіспей қалармын, бірақ әзірге осы.
— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Баян МАХСЕТ,
ЕҰУ студенті

ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ ОНКҮНДІГІ

Талдықорған қаласында «Қазақ киносының онкүндігі» атты мәдени жоба басталды. Іс-шараны Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы ұйымдастырып отыр.



Ашылу салтанатында көрермен назарына Қажымұқан Мұңайтпасовтың өмір жолын бейнелейтін «Қажымұқан» көркем фильмі ұсынылды. Туынды Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау орталығының қолдауымен түсірілген.
Онкүндік аясында «Жамбыл. Жана дәуір», «Дос-Мұқасан», «Набат операциясы», «Патриоттар уақыты», «Бауырына салу» сияқты әртүрлі жанрдағы фильмдер көрсетіледі.
Жобаның мақсаты — ұлттық киноны насихаттап, ауыл-аймақ тұрғындарына отандық фильмдердің жанар-жан келбетін көрсету. Бұған дейін мұндай кино көрсетілімдер Қарағанды, Жамбыл, Солтүстік және Батыс Қазақстан облыстарында өткен.

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТІҢ МҰРАСЫ

Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде ұлы композитор, дирижер, Халық қаһарманы, қазақ музыкасының заңғар тұлғасы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдық мерейтойына арналған «Шабыт бастауы: Нұрғиса Тілендиевтің мұрасы» атты халықаралық көрме қойылды.



Көрмеде Алматы қаласындағы Музейлер бірлестігінің қорынан алынған 70-ке жуық құнды жәдігер қойылған. Олардың қатарында композитордың өз қолымен жазған партитуралары, сирек фотосуреттері, жеке заттары, сондай-ақ Ахмет Жұбанов сыйға тартқан «Дарига домбыра» да бар. Алты тақырыптық бөлімнен тұратын көрме экспозициясы композитор шығармашылығының сан қырын аша түсіп, қазақ музыкасының терең тамыры мен өрісі кең болмысын бейнелейді.
Көрмені Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Музейлер бірлестігі ұйымдастырды. Жобаның жүзеге асуына Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілдігі, Түркі мәдениеті және мұрасы қоры атсалысты.

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Астана қаласы әкімдігінің №101 орта мектебінде ұйымдастырылған Hogwarts жазғы лагері балалардың жазғы демалысын мазмұнды әрі пайдалы өткізуге бағытталған. Лагерь аясында «Ұлттық тәрбие – ұрпақтар мұрасы» атты шеберлік сағаттары мен танымдық іс-шаралар өтеді.

Іс-шара мақсаты — жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін оятап, ата-бабадан келе жатқан мәдени құндылықтарға баулу, сонымен бірге ақпараттық технологиялар саласындағы қабілетін дамыту.
Әртүрлі деңгейдегі оқушылар арасында қыштан бұйым жасауға арналған құмарға өнері сабағы, спортзалдағы асық ату, тоғызқұмалақ, бес тас сынды ұлттық ойындарға қатысты ұлттық ойындар, дәстүрлі киіз басу және жүннен бұйым жасау шеберлік сағатында ұлттық колөнердің қыр-сырын менгеру және дрон басқару, VR технологиялары, робототехникада тәжірибе жинау сияқты бағыттар қарастырылған.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4606

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАЗБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rek.klama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады